



ПРЕЗИДЕНТ ШАНХАЙДА КЕЛІССӨЗДЕР ЖҮРГІЗЕДІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ҚХР Төрағасы Си Цзиньпиннің шақыруымен Шанхайға жұмыс сапарымен барды.

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Қытай Халық Республикасының Төрағасы Си Цзиньпинмен келіссөз жүргізеді. Бұдан бөлек, қытай компанияларының жетекшілерімен дөңгелек үстел өтеді.

17 шілде күні Президент Дүниежүзілік жасанды интеллект конференциясына (WAIC) қатысады. Жиын «Жарқын болашақ үшін жасанды интеллект саласындағы серіктестік» тақырыбына арналып отыр.

ОТАНДЫҚ ФАРМАЦЕВТИКАНЫҢ ӨРІСІ КЕҢЕЙДІ



Елімізде толық циклді биофармацевтикалық кешен бой көтереді. Онда онкологиялық, аутоиммунды және сирек кездесетін сырқаттарды емдеуге арналған дәрі-дәрмек пен заманауи иммунобиологиялық препараттар өндірілмек. Бұл отандық фармацевтика саласының дамуына ықпал етіп, орнықты өндірістік базаны қалыптастыруға, әлеуметтік маңызы бар препараттардың импортын кезек-кезеңімен алмастыруға мүмкіндік береді. Ал шығарылған өнімнің бір бөлігі ЕАЭО, ТМД және Таяу Шығыс мемлекеттерінің нарығына экспортталмақ.

→ 5

БІРЫҢҒАЙ QR: БЕРЕКЕСІ МОЛ БАСТАМА

Мұндай жаңашылдық енгізуге не түрткі болғаны да белгілі. Finprom сайтының деректеріне сәйкес, Қазақстанда қолма-қол ақшасыз төлемдер банк карталары айналымының негізгі бөлігін құрайтын деңгейге жеткен. Айталық, 2026 жылдың қаңтар-мамыр айларында Қазақстан аумағында қазақстандық және шетелдік эмитенттер шығарған төлем карталары арқылы жүргізілген қолма-қол ақшасыз төлемдердің көлемі 73,5 трлн теңгеін құраған. Сонау 2016 жылдың осы кезеңіндегі көрсеткіш небәрі 462,1 млрд теңге ғана болған еді. Осы аралықта 159 есе өсіп кеткен.

→ 4



Мемлекет басшысы қос палаталы Парламенттің соңғы бірлескен отырысында ел үшін стратегиялық маңызы зор салаға қатысты жаңа міндет қойды. Президент Үкіметке өңірлерді газбен қамту деңгейін қазіргі 64%-дан 80%-ға дейін күрт арттыруды тапсырды. Осы арқылы жаңа Ата заңның 8-ші бабындағы «жер және оның қойнауы, басқа да табиғи ресурстар халыққа тиесілі» деген ізгі қағидат әрі қарай іске асып, ұлттық байлық ел игілігіне тиімді қызмет етпек. Бұл президенттік бастама қалай орындалады? Бұған дейін газдандыруда қандай жетістікке қол жеткізілді?



ҰЛТТЫҚ БАЙЛЫҚТЫҢ ЖАҢА ТЫНЫСЫ

КӨГІЛДІР ОТЫННЫҢ КЕН ӨРІСІ

Қасым-Жомарт Тоқаев өз сөзінде Қазақстан аймақтағы мұнай-газ өндіретін жетекші мемлекет ретінде отынға қатысты мәселелерді толық шешуге міндетті екенін, тиісінше, соған мүмкіндік беретін мықты инфрақұрылымды қалыптастыруы керекін қадап айтты.

— Бұл — аса маңызды және шұғыл міндет! Көмірсутегі ұлттық экономиканың негізін құрап, бюджетке валюталық түсімнің қомақты

бөлігін қамтамасыз етеді. Мұнай-газ шикізаты — экспорттан пайда әкелуімен қатар қалаларымыз бен ауылдарымызды қамтамасыз ететін бағасы қолжетімді жылу мен қуат көзі. Сондықтан біз елді мекендерге газ құбырын тартуды жеделдетуді жоспарлап отырмыз. Көгілдір отынмен қамту деңгейін қазіргі 65 пайызға жуық көрсеткіштен 80 пайызға дейін арттыру міндетін қоямын, — деді К. Тоқаев.

(Жалғасы 4-бетте)



«БАЛДӘУРЕНДЕГІ» БАҚЫТТЫ БАЛАЛЫҚ

Биыл әлемнің 8 мемлекетінен 288 қазақ баласы қасиетті қара шаңыраққа, атамекеніне аман-есен жетті. Бүгінде «Балдаурен» төрінде мәре-сәре болып жатқан жас өрендердің қатарында Моңғолия, Қытай, Өзбекстан, Ресей, Қырғыз мемлекеті мен түрікмен, тәжік, Еуропа елдерінен келген балалар бар. Балалардың басым бөлігі ата-аналарымен бірге келген. Ұйымдастырушылар үшін ең бірінші кезектегі маңызды мәселе — қауіпсіздік. Шетелден келген әр баланың аман-есен жетіп, екі апталық танымдық демалыстан кейін өз елдеріне аман-есен оралуы қатаң бақылауға алынған.

→ 8



16 ШІЛДЕ 2026 | БЕЙСЕНБІ

АКЦИЯДАН ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫСҚА ДЕЙІН



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастама-сымен 2024 жылы іске қосылған «Таза Қазақстан» жалпыұлттық экологиялық акциясы аз уақыт ішінде қарапайым сенбіліктен ел көлеміндегі қоғамдық қозғалысқа айналды. Оның басты мақсаты – қоршаған ортаны қорғау ғана емес, қоғамда жаңа экологиялық мәдениет пен азаматтық жауапкершілікті қалыптастыру болатын. Миллиондаған азаматтың қатысуымен өткен бұл жоба енді Конституцияда бекітілген азаматтық жауапкершілікпен сабақтасып, елдегі экологиялық мәдениеттің жаңа кезеңін қалыптастыра бастады.

Экологиялық акция басталған алғашқы жылы 5 апталық кезең түрінде ұйымдас-тырылып, ел аумағының түкпір-түкпірінде түрлі экологиялық іс-шаралар өтті. Халық жаппай атсалысқан сенбіліктер мен экологиялық апталықтар нәтижесінде жүздеген мың үйдін ауласы тазартылып, миллион тоннадан астам қоқыс жиналды. Экологиялық бастама еріктілер қозға-лысының қолдауымен кеңінен канат

жайды. Сонымен қатар көгалдандыру жұмыстары да бұрын-соңды болмаған деңгейде жүргізілді. Ресми акпарат бойынша акция басталғалы бері көктемгі және күзгі ағаш отырғызу маусымдары барысында бүкіл ел аумағында 3,2 миллионнан астам ағаш көшеті егілді. Әр өңірде жергілікті табиғат жағдайына бейімделген ағаш түрлері таңдалып, көшеттер саябақтар мен елді мекендердің

айналасына отырғызылды. Экологиялық акцияның нәтижесінде рұқсатсыз қоқыс полигондары азайды.

Экология және табиғи ресурстар министрлігі дерегінше, 2018 жылы елімізде 8,7 мың заңсыз қоқыс үйіндісі анықталып, соның 57 пайызы ғана жойылған болса, 2024 жылы 4,8 мыңға жуық қоқыс аланы белгілі болып, оның 93 пайызы жойылды. Яғни бұрыннан жиналмай жатқан құл-қоқыс төгілген жерлердің басым бөлігі тазартылып, көзі жойылды.

2025 жылы акцияның ауқымы кеңіп қана қоймай, оның мазмұны да байи түсті. Еліміздің әр түкпірінде тазалық жұмыстарын жалғастырумен бірге, экологиялық мәдениетті насихаттауға арналған экологиялық фестивальдер, байқаулар, білім шаралары қолға алынды. Мәселен, 2025 жылы сәуір айында Астана қаласында «Таза Қазақстан» бастамасының бір жылдық мерейтойына орай республикалық экофестиваль өткізілді. Оған еріктілер, экобелсенділер, жастар стартапері мен ірі кәсіпорындар өкілдері қатысып, қоршаған ортаны қорғау идеяларын талқылады. Бұл бастама «Таза Қазақстан» экологиялық акциясының қарапайым сенбілік шеңберінен шығып, экологиялық ағарту, инновация және қоғамдық диалог алаңына айналып келе жатқанын көрсетті.

Ал 2026 жылдан бастап экологиялық жауапкершіліктің Конституцияда бекітілуі «Таза Қазақстан» бастамасының жаңа кезеңге өткенін көрсетті. Егер алғашқы екі жылда акция негізінен практикалық жұмыстарға бағытталса, енді табиғатты қорғау әр азаматтың конституциялық міндетіне айналды. Бұл экологиялық саясаттың уақытша науқан емес, ұзақ-мерзімді мемлекеттік басымдық екенін аңғартады. Бірінші шілдеде күшіне енген жаңа Конституцияның 37-бабында әрбір азаматтың табиғатты қорғау міндеті бекітілді. Экология және табиғи ресурстар министрлігінің мәлімдеуінше, бұл Қазақстан тарихында алғаш рет экологиялық жауапкершіліктің конс-

титудиялық деңгейде нақты айқындалуы болып отыр.

«Қазақстан тарихында алғаш рет әрбір азаматтың табиғатқа және қоршаған ортаға ұқыпты қарау міндеті конституциялық деңгейде нақты бекітілді. Бұл – экологиялық жауапкершілікті нығайтуға және қоғамда жаңа экологиялық мәдениетті қалып-тастыруға бағытталған маңызды қадам. Конституцияның преамбуласында азаматтардың келер ұрпақ алдындағы жауапкершілігі айқындалған. Бұл табиғи ресурстарды ұтымды әрі ұқыпты пайда-ланудың маңызымен тікелей байланысты. Сонымен қатар Конституцияның 37-бабында әрбір азаматтың табиғатты қорғау міндеті бекітілген», — деп жазды министрлік мәлімдемесінде.

Табиғатқа және қоршаған ортаға жанашырлықпен қарау, келешек ұрпақ үшін қолайлы әрі қауіпсіз өмір сүру ортасын қалыптастыру — әрбір адамның азаматтық борышы. Экологияға деген шынайы жанашырлық әр адамның күнделікті қарапайым іс-әрекетінен басталады. Қоқыс қалдырмау, суды үнемдеп пайдалану, ағаш отырғызу, өз ауласы мен қоғамдық орындардың тазалығын сақтау — мұндай қарапайым қадамдардың нәтижесінде қалаларымыз бен ауылдарымыз таза, жайлы әрі көрікті бола түседі.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев бұл акцияны «озық ойлы қоғам қалыптастыру жолындағы идеологиялық платформа» деп баға бере отырып, тазалықты сақтау мен табиғатты аялау «ұлттық болмысымыздың ажырамас бөлігіне айналуға тиіс» деді. Осы орайда «Таза Қазақстан» акциясының бүгінгі күнге дейінгі нәтижелері Мемлекет басшысы жүктеген міндет үдесінен шыға бастағанын көрсетеді. Мәселен, Экология және табиғи ресурстар министрлігінің дерегі бойынша, биыл жыл басынан бері акция аясында елімізде 1 миллионнан астам ағаш отырғызылып, 4 миллионнан

астам адамның, оның ішінде 510 мың еріктінің қатысуымен 200-ден астам экологиялық іс-шара өткізілді. Республика бойынша 76 мың гектардан астам аумақ тазартылып, 413 мың тонна қалдық жиналды және шығарылды. Сондай-ақ 115,7 мың тонна қалдық қайта өңдеуге жіберілді.

Жалпы, «Таза Қазақстан» жалпыұлттық қозғалысы бастау алған үш жыл ішінде елді мекендерде 5,6 миллионнан астам ағаш отырғызылып, мемлекеттік орман қоры аумағында 1 млрд-тан астам көшет пен жас шыбық егілді. Мыңдаған сенбілік, миллиондап отырғызылған ағаш, жүздеген мың тонна жиналған қалдық — мұның бәрі тек статистика емес, бұл — қоғамның табиғатқа деген көзқарасының өзгергенінің нақты көрінісі.

Ең маңызды нәтиже де осы. Егер бұрын тазалық мемлекеттік органдардың ғана міндеті ретінде қабылданса, бүгінде оны азаматтық жауапкершілік деп түсінетіндер көбейді. Конституцияда табиғатты қорғау міндетінің бекітілуі осы өзгерісті құқықтық тұрғыдан бекемдей түсті. Таза Қазақстан — бір күндік сенбілік емес, күнделікті өмір салты. Оның табысы жиналған қоқыстың көлемімен емес, табиғатты қорғауды қалыпты мәдениетке айналдыра алған қоғамның санасымен өлшенеді. Ал бұл — келешек ұрпаққа қалдыратын ең құнды мұраның бірі.

Сонымен қатар экологиялық саясаттың тиімділігі тек өткізілген акциялардың санымен емес, олардың ұзақмерзімді нәтижесімен бағаланады. Алдағы кезеңде қоқысты сұрыптау мәдениетін дамыту, қалдықтарды қайта өңдеу үлесін арттыру, су ресурстарын ұтымды пайдалану және экологиялық білім беруді күшейту «Таза Қазақстан» бастамасының негізгі бағыттарының бірі болуға тиіс. Сонда ғана бұл қозғалыс уақытша науқан емес, тұрақты қоғамдық мәдениетке айналады.

Тілек ҚАБЫЛ

АЛМАТЫ ӘЛЕМДІК ТУРИЗМ НАЗАРЫНА ІЛІКТІ

Бүгінде Алматы қаласы халықаралық нарықта Орталық Азиядағы ең тартымды туристік бағыт-тың бірі ретінде танылып келеді. Қазірдің өзінде әлемдік БАҚ оңтүстік астанасының туристік әлеуетін жоғары бағалап отыр. Солардың бірі испаниялық Viajar журналы жуырда Алматы қаласын саяхаттауға лайық ерекше бағыттардың бірі ретінде ұсынған.

Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ, Алматы қаласы



тек табиғатында емес, туриске кешенді әрі сапалы саяхат тәжірибесін ұсына алуында жатыр, — деді сарапшы.

Туризмнің түлеуі қала экономикасына да оң әсерін тигізіп отыр. Былтыр туризм саласынан бюджетке түскен салық көлемі 84 млрд теңгеге жетіп, бір жылда 27,2%-ға артқан. Бұл өсім қоғамдық тамақтану, спорт және ойын-сауық, сондай-ақ уақытша орналастыру қызметтері есебінен қалыптасқан. Ал туристік қызметтердің жалпы көлемі 110,9 млрд теңгеге жетіп, өткен жылмен салыстырғанда 15,2%-ға көбейді. Сарапшылар Алматы қаласының мұндай артықшылықтарын толық пайдалану үшін туристік өнімді әртараптандыру қажет екенін айтады.

— Алматы — тау туризмімен ғана емес, гастрономиялық, мәдени, іскерлік, медициналық және оқиғалық туризм бағыттары арқылы да танылуға тиіс. Бұл туристердің қалада болу ұзақтығын арттырады әрі туризмнен түсетін экономикалық тиімділікті көбейтеді. Екінші маңызды бағыт — сервистің сапасын халықаралық деңгейге көтеру. Туризмде бәсекелестік ең алдымен қызмет көрсету мәдениетімен өлшенеді. Сондықтан кадр даярлау, көптілді сервис, цифрлық шешімдер мен туристерге арналған бірінғай акпараттық жүйелерді дамыту аса маңызды. Сондай-ақ Алматыны жеке бағыт ретінде емес, бүкіл Алматы өңірінің туристік экожүйе-сінің орталығы ретінде ілгерілету қажет. Қаланы Шарын шаткалы, Көлсай көлдері, Қайыңды көлі, Іле Алатауы ұлттық паркі сияқты табиғи нысандармен біртұтас маршруттарға біріктіру халық-аралық нарықтағы тартымдылықты арттырады, — деді Жансая Ғаниқызы.

Сарапшының сөзінше, Алматының халықаралық туризм нарығындағы позициясы алдағы жылдары айтарлықтай күшейе түспек. Бұған әлемнің әр түкпіріндегі саяхатшылардың табиғаты ерекше әрі өзіндік мәдени ерекшелігі бар бағыттарға қызығушылық танытуы ықпал ете алады.

— Қазіргі әлемдік туристік үрдістер табиғи ландшафттары, қауіпсіздігі, мәдени ерекшелігі мен тұрақты туризм қағидаттарын ұстанатын бағыттарға сұраныстың өсіп жатқанын көрсетеді. Алматы осы талаптың барлығына сәй-кес келеді. Егер халықаралық әуе қат-тынастары кеңейіп, туристік инфра-құрылымға инвестициялар жалғасса және қаланың туристік бренді жүйелі түрде халықаралық деңгейде насихат-талса, Алматы Орталық Азиядағы жетекші туристік дестинациялардың біріне айналады. Ең бастысы, саннан бұрын сапаға мән беру керек. Турист үшін есте қалатын әсер, жоғары сервис және қауіпсіз орта қалыптастыра алсақ, Алматының жаһандық туризм карта-сындағы орны одан әрі нығая түсетіні анық, — деді туризм сарапшысы Ж.Ғаниқызы.

Осыған дейін CNN Travel Алматыны 2025 жылы баруға тұрарлық 25 бағыттың қатарына қосып, қаланы Орталық Азияның жаңа «стиль астанасы» деп атаған еді. Бұл беделді тізімде Алматы Жапония, Аргентина, Германия, Польша секілді туристік әлеуеті жоғары елдердің қалаларымен қатар аталған. Онымен қоса, әйгілі Bloomberg басылымы Алматы шаһарын 2026 жылы әлемде саяхаттауға ұсынылған ТОП-25 бағыттың қатарына енгізген.

ӨНЕРКӘСІПТЕ ОҢ ӨЗГЕРІС КӨП

Халықтың әл-ауқатын жақсарту ісіндегі ең басым бағыт-тардың бірі – өнеркәсіпті арттыру. Осыған орай Үкімет үйінде жиын өтіп, Өнеркәсіп және құрылыс министрі Ерсайын Нағаспаев өңдеу өнеркәсібін дамыту бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы баяндады.

Ол бірінші жартыжылдықтың қорытын-дысы бойынша өңдеу өнеркәсібі 9,8%-ға өсіп, оң динамика көрсетіп отырғанын атап өтті. Өндірістік көрсеткіштер машина жасау, химия өнеркәсібі, құрылыс материалдары, резенке және пластмасса бұйымдары өндірісі, жеңіл өнеркәсіпте және басқа да салаларда өсті. Аталған өсім жаңадан іске қосылған өндіріс орындарының есебінен қамтамасыз етіліп отыр. Бүгінде жалпы құны 252 млрд теңге болатын 74 жоба пайдалануға беріліп, 4,3 мыңнан астам тұрақты жұмыс орны ашылды. Биыл жалпы құны 1,7 трлн теңгені құрайтын 200 инвестициялық жобаны жүзеге асыру жоспарланды.

«Металлургияда өндіріс көлемі 97,3%-ды құрады. Салалағы кәсіпорындарда жоспарлы өңдеу жұмыстарын жүргізу, кен сапасының төмендеуі сияқты бірқатар себепке байланысты теріс динамика қалыптасып отыр. Дегенмен металлургиялық зауыттарды шикізатпен қамтамасыз ету есебінен көрсеткіштер биылғы жылдың бес айымен салыстырғанда 1,8%-ға өсті. Атап айтқанда, отандық өндірушілердің металлургия кәсіпорындарына мыс, мырыш және құрамында алтыны бар шикізат жеткізу көлемі ұлғайды, мырыш концентратын жеткізу қайта жанданды, сондай-ақ Ауғанстан мен Қырғызстаннан шикізат импорттау жөнінде келісімге қол жеткізілді. Жалпы, саладағы жоспарланған көрсеткіштер қолда-ныстағы қуаттарды ұлғайту және жаңа өндірістерді іске қосу арқылы қамтамасыз етілетін болады», — деді Ерсайын Нағаспаев.

Машина жасау саласы 23,1% деңгейінде өсім көрсетті. Салада көлік құралдарын, ауыл шаруашылығы және теміржол техни-

касын, сондай-ақ тұрмыстық техникасын өндіру көлемі артты. Көрсеткіштердің өсуі ішкі сұраныстың артуы мен инвестициялық жобалардың белсенді жүзеге асырылуы есебінен жүзеге асты. Жеңіл өнеркәсіпте тоқыма бұйымдар, киім және былғары өнімдер өндірісі артып, саладағы өсім 94,8 пайызды құрады. Химия өнеркәсібінде күкірт қышқылы, аммофос, каустикалық сода, аммиак селитрасы және сары фосфор өндірісі артып, 20,7%-ға өсім байқалуда.

Құрылыс материалдары өндірісінде бетон, құрылыс ерітінділері, әк, отқа төзімді бұйымдар, цемент және бетон конструкциялары көлемі өсіп, байланысты 14,1%-ға артты. Құрылыс саласында бірінші жарты жылдықтың қоры-тындысы бойынша жұмыс көлемі шамамен 4,1 трлн теңгені құрап, өткен жылмен салыс-тырғанда 15,2%-ға артты. Жалпы, өңірлердің басым бөлігінде оң өсу динамикасы байқалады. Ең жоғары өсім Ұлытау, Қызылорда және Павлодар облыстарында тіркелді. Сонымен қатар есепті кезеңде 8,5 млн шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді. Ал өткен жылдың сәйкес кезеңінде 7,9 млн шаршы метр үй пайдалануға берілген болатын. Нәтижесінде, өткен жылмен салыстырғанда көлем 6,7 пайызға артты. Өсім он тоғыз өңірде байқалуда. Ең жоғары көрсеткіш Жетісу және Алматы облыстарында. Министрлік жетекшілік ететін салаларда тұрақты өсімді қамтамасыз ету, жаңа өндірістерді іске қосу, локализация деңгейін арттыру және өңірлерде инвести-циялық белсенділікті ынталандыру жұмыс-тары жалғасын табады.

Айдар ДӘУІТҰЛЫ



16 ШІЛДЕ 2026 | БЕЙСЕНБІ

ҰЛТТЫҚ БАЙЛЫҚТЫҢ ЖАҢА ТЫНЫСЫ

Айхан ШӘРІП

(Басы 1-бетте)

Үкіметтің дерегінше, өңірлерді газдан-дыруға бір жылда 112,4 млрд тенге жұмса-лыпты. Соның нәтижесінде, 2 мың шақы-рымнан аса желі салынды. Энергетика министрлігі, мысалы, «Талдықорған — Ұшарал» магистралды газ құбыры құры-лысының мерзімінен 1 жыл 4 ай бұрын аяқталуын «энергетика секторындағы маңызды оқиға» деп бағалады. Оны іске қосу Жетісу облысының 84 елді мекенін табиғи отынмен камтуға және дәл осы өңірді газдандыру деңгейін 76%-ға дейін жеткізуге мүмкіндік береді.

Үкіметтің ресми мәліметіне жүгінсек, 2026 жылы Қазақстанды газдандыру көрінісі келесідей: 13,1 млн адам немесе жалпы халықтың шамамен 64,2%-ы кө-гілдір отынға қол жеткізді. Өңірлер ара-сында ең жоғары көрсеткіш Атырау және Маңғыстау облыстарында тіркелген — 99,8%. Одан кейін БКО — 99,7%, Алматы қаласы — 99,6%, Шымкент — 97,8%, Ақтөбе облысы — 94,2%, Жамбыл облы-сы — 92%, Түркістан облысы — 87,8%, Қызылорда облысы — 83,2%, Алматы облысы — 77,8%, Жетісу облысы — 67,9%, Қостанай облысы — 60,4%. Газдандыру деңгейі төмен өңірлер қатарында Астана (17,7%), сондай-ақ Ақмола (15,3%), Қара-ғанды (5,8%), Ұлытау (4,3%) облыстары және ШҚО (3,3%) бар.

Табиғи газдың қызығын қазірден көріп отырған тұрғындарының үлесі жөнінен өңірлердің рейтингі өзгеше-леу: Алматы қаласында — 2 млн 338 мың адам, Түркістан облысында — 1 млн 887 мың, Шымкентте — 1 млн 265 мың, Алматы облысында — 1 млн 242 мың, Жамбыл облысында — 1 млн 118 мың, Ақтөбе облысында — 900 мың, Маңғыстау облысында — 818 мың, Атырау облысында — 715 мың, Қызылорда облысында — 704 мың, БКО-да — 694 мың, Жетісу облысында — 467 мың, Қостанай облысында — 406 мың, Астанада — 290 мың, Ақмола облысында — 121 мың, Қарағанды облысында — 65,9 мың, ШҚО-да — 23,6 мың және Ұлытау облысында — 9,5 мың адам. Әйткенмен, Ranking агенттігінің сарапшылары Солтүстік Қазақстан, Павлодар және Абай облыс-тарының әлі күнге мүлде газдандырыл-мағанын қаперге салды. Олай болса жауапты шенеуніктер осы аймақтарға да назар аударса жөн.

ҚУАТ БАР ЖЕРДЕ ӨРЛЕУ БАР

Сонымен бір мезгілде мемлекет тауарлық газдың ресурстық базасын кеңейтуге тырысып жатыр. Президент қойған міндеттерге сәйкес, Үкімет «Газ саласын дамытудың кешенді жоспарын» және «Перспективалы жаңа кенорындарын игеру жоспарын» бекітті. Оның аясында 30 жер қойнауы учаскесін игеру карас-тырылған. QazaqGaz ұлттық компания-сымен 9 келісімшарт жасалды. Оның ішінде



6 жоба — барлау, 3 жоба — өндіру сатысында. 2023–2025 жылдары QazaqGaz және «ҚазМұнайГаз» Анабай, Барханныя, Рожковское және Батыс Прорва кенорын-дарын өнеркәсіптік игеруге енгізді. 2027 жылы Западная Прорва кенорнының екінші іске қосу кешенін және Малдыбай, Придорожное, Өріқтау кенорындарын пайдалануға беру жоспарланып отыр.

— Елді газдандыру 2035 жылға дейінгі газдандырудың бас схемасы шеңберінде жүзеге асырылады. 2026 жылы газ тасымалдау жүйесін дамыту жалғасты. Барлығы 40 жоба көзделген: 7 ауыспалы жоба, 33 жана жоба бар. Солтүстік өңірлерді газдандыру мақсатында 2025 жылғы 9 қазанда Қазақстан Үкіметі мен ресейлік «Газпром» арасында «Есіл — Астана» магистралды газ құбырын салу жобасы туралы меморандумға қол қойылды, — деді энергетика министрі Ерлан Ақкенженов.

Оның түсіндіруінше, осы келісімді жүзеге асыру Астана, Көкшетау және Петропавл қалаларын газбен тұрақты түрде жабдықтауға, сондай-ақ елдің 4 солтүстік өңіріне табиғи газ жеткізу бағдарларын әртараптандыруға тиіс. Жобалар уақытылы қаржыландырылса, сондай-ақ «Есіл — Астана» магистралды газ құбырын салу жобасы табысты жүзеге асса, онда елді газдандыру деңгейі қазіргі 64,2%-дан 2035 жылға қарай 80%-ға дейін ұлғайып, Президенттің тапсырмасы орындалар еді.

Энергетика министрлігінің мәліме-тіңше, 2025 жылы газ өндіру көлемі 68,2 млрд текше метрді құрады. Биылғы бес айда 25,9 млрд м3 газ өндірілді. 2026 жыл-ға арналған жоспар — 64,5 млрд м3. Тауарлық газ өндірісін 2026 жылы бытырғы 27,4 млрд м3 деңгейінде сақтау жоспарланып отыр. Биылғы бес айда 10 млрд м3 тауарлық



Өңір әкімдіктеріне магистралды инфра-құрылым нысандарын пайдалануға беру мерзімдерін жергілікті газ тарату желілерінің дайындық деңгейімен үйлестіру тапсырылды. Бұл ретте тиімділіктің басты көрсеткіші тартылған құбырлардың ұзындығы ғана емес, үйлерінде газ пайда болып, желіге нақты қосылған абоненттер санымен өлшенбек.

газ өндірілді. Болжамға сәйкес, 2030 жылға қарай Қазақстанда тауарлық газ өндірісі 31,3 млрд текше метрді құрауы қажет. Бұл көлем ішкі нарықтың қажеттілігін толық өтеуге мүмкіндік бермек.

Министрліктің басым 6 міндеттерінің бірі — жана инфрақұрылымдық және газ өңдеу жобаларын уақытылы іске қосу. 2026 жылдың соңында «Бейнеу — Бозой — Шым-кент» магистралды газ құбырының ІІ желісінің І кезеңінің желілік бөлігінің құрылысын аяқтау жоспарланыпты. Ал 2027 жылы қуаты жылына 1 миллиард м3 болатын Кашағандағы газ өңдеу зауытын, сондай-ақ Жанаөзен қаласындағы қуаты жылына 900 млн м3 болатын Қазақ газ өңдеу зауытын пайдалануға беру күтіліп отыр.

2029 жылы «Бейнеу — Бозой — Шымкент» магистралды газ құбырының ІІ желісінің ІІ кезені жүзеге асырылуға тиіс. Бұл жылына 15 млрд текше метр тауарлық газ өткізу қуатына дейін ұлғайтуға мүмкіндік береді. 2030 жылға қарай Каша-ғандағы қуаты жылына 2,5 млрд м3 газ өңдеу зауытын, сондай-ақ Қарашығанактағы қуаты жылына 5 млрд м3 болатын газ өңдеу зауытын іске қосу көзделген. Аталған жобалар газ өңдеу көлемін ұлғайтып, газ

тасымалдау инфрақұрылымын кеңейтіп, өңірлерді тұрақты газбен камтамасыз етпек.

ЦИФРЛЫ ДАМУ КӨШІНЕ ІЛЕСКЕН САЛА

Ақылмен істелген істің игілігі мен берекесі мол болады. Ал қазіргі заманның «үлкен ақылы» цифрлық әлемде шоғыр-ланған. Тұтынушыларға қызмет сапасын жаңа белеске көтеру және цифрлық сервистерді дамыту үшін газ саласын ауқымды цифрландыру жобалары кешені түрде жүзеге асырылмақ. Aqyl Energy жобасы шеңберінде газды есепке алудың зияткерлік аспаптары енгізіліп жатыр. Бүгінде елге 49 мың Smart есептегіш жеткі-зілді, жоба өндіріс пен тұрмыста жалпы 1 миллион 352 мың ақылды есепке алу аспабын енгізуге бағытталған.

QazaqGaz Aimaq компаниясы тұты-нушыларға газ есептегішінің көрсеткіш-терін онлайн режимде тапсыруға мүмкіндік беретін цифрлық сервисі жүзеге асырды. Қызметтің басты артықшылығы — есепте-гіштің фотосуреті арқылы көрсеткіштерді автоматты түрде тану: бұл деректерді енгізу үдерісін жеңілдетеді. Сонымен қатар тұтынушылар нақты уақыт режимінде газ

тұтыну көлемін, төлемдер тарихын, есептеулер мен берешек туралы ақпаратты көре алады. Бұдан бөлек, сервис есептеу құралын мерзімдік тексеруден өткізу қажеттілігі туралы уақытылы хабарлама жібереді. Мұның сыртында тәулік бойы кеңес беретін AI-көмекші пайдалану-шыларға үздіксіз ақпараттық қолдау көрсетеді екен.

Газ саласын цифрландыру аясында мемлекет газбен жабдықтауға қосылуға арналған техникалық шарттарды беру жөніндегі мемлекеттік қызметті цифрлан-дыру жұмысын жүргізу үстінде. Цифрлан-дыру нәтижесінде қағаз құжат айналымы мен азаматтардың газбен жабдықтау ұйымдарына бару қажеттілігі жойылды. Бүгінде өтініш берушілер өтінімді онлайн режимде жолдап, оның қаралу барысын толық бақылай алады.

Осы арқылы мемлекеттік қызмет көрсету процесінің ашықтығы арттырылып, адами фактордың ықпалы азайтылды және сыбайлас жемқорлық тәуекелдері төмендетілді. Азаматтар мен бизнес өтінімдерін eGov порталы және eGov Mo-bile мобильді қосымшасы арқылы береді. «Бұдан бөлек, газ тарату желілері цифрландырылып жатыр. Бұған дейін 65

мың шақырым желі (91%-ы) және 2 млн 330 мың тұтынушы (93%-ы) цифрланды-рылды. Бұл газ тарату желілері мен тұтыну-шылардың бірінғай цифрлық базасын қалыптастыруға мүмкіндік берді. Министрлік тауар биржаларынан тыс ішкі нарыққа сұйытылған мұнай газын жеткізу жоспарын қалыптастыру жөніндегі мемлекеттік функцияны да автоматтандырды», — деп хабарлады Энергетика министрлігі.

Саланы цифрлық трансформациялау үшін Жасанды интеллект министрлігіне Энергетика министрлігімен бірлесіп, газды есепке алудың бірінғай цифрлық платформасын құру міндеті қойылды. Ресурстық базаны ұлғайту мақсатында Энергетика министрлігіне «ҚазМұнайГаз» компаниясымен бірлесіп, жана перспек-тивалы учаскелерді геологиялық зерттеуді жеделдету, заманауи барлау технология-ларын белсенді енгізіп, жеке инвестиция тарту үшін ашық әрі қолайлы жағдай жасау жүктелді. «Бейнеу — Бозой — Шымкент» газ құбырының екінші желісін, сондай-ақ «Есіл — Астана» жана газ құбырын уақытылы салудың стратегиялық маңызы зор. Бұл жобалар Астананы, оңтүстік және солтүстік өңірлерді газбен қамту сапасын арттырып, өнеркәсіптің дамуына серпін береді және еліміздің транзиттік әлеуетін нығайтады.

Өңір әкімдіктеріне магистралды инфра-құрылым нысандарын пайдалануға беру мерзімдерін жергілікті газ тарату желілерінің дайындық деңгейімен үйлестіру тапсырылды. Бұл ретте тиімділіктің басты көрсеткіші тартылған құбырлардың ұзындығы ғана емес, үйлерінде газ пайда болып, желіге нақты қосылған абоненттер санымен өлшенбек.

Осы орайда елімізде тұтыну көлемінің серпініді өсуіне байланысты мемлекет шектеу енгізуге де мәжбүр. Үкімет қабыл-даған соңғы шешімге сәйкес, көгілдір отын бірінші кезекте тұрғындардың қажеттілігіне және жоғары технологиялық өндірістерінің дамуына бағытталатын болады. Энергетика министрлігіне өңір әкімдіктерімен бірлесіп, тауарлық газға қосылғысы келетін жана өндіріс орындарының энергия тиімділігінің талап-критерийлерін 1 ай ішінде, келесі айдың ортасына дейін әзірлеу жүктелді. Премьер-министр Олжас Бектенов газды «энергияны көп қажет ететін және тиімді-лігі төмен өндірістерге бөлуге» тыйым салды. Тапсырмаларды бақылау және істі үйлестіру Премьер-министрдің бірінші орынбасары Нұрлыбек Нәлібаевқа жүктелді.

Қорыта айтқанда, газдандыру — жай ғана инженерлік жоба емес, ол елдің ертеніне салынған инвестиция. Бұл — энергетикалық қауіпсіздік, экономикалық тұрақтылық және халықтың жайлы тұр-мысының кепілі. Бытыр ішкі газ тұтыну көлемінің 20 млрд текше метрге жетуі осының жарқын дәлелі. Экономика ілгерілеп, өндіріс өрістеп, халық саны мен тұрмыс деңгейі артқан сайын көгілдір отынға деген қажеттілік те ұлғая береді. Сондықтан саланы дамыту қысқармезімді жоспармен емес, ұзақмерзімді көзқараспен жүзеге асырылғаны маңызды. Сонда ғана Қазақстанның әр өңіріне бағасы қолжетімді көгілдір отынның игілігі толық жетіп, елдің тұрақты дамуына берік негіз қала-нады.

БІРЫҢҒАЙ QR: БЕРЕКЕСІ МОЛ БАСТАМА

Алдағы жексенбіде еліміздің қаржы жүйесінде ерекше жаңалық болады. Былтырдан бері айтылып жүрген бірыңғай банкаралық QR жүйесі 19 шілдеден бастап толық іске қосылады. Оның ерекшелігі, сатып алушыларға кез келген банк қосымшасы арқылы төлем жасауға мүмкіндік береді. Әлбетте, оның сатып алушылар, яғни халық үшін өте тиімді болатыны түсінікті. Екінші жағынан, кәсіпкерлер үшін де пайдасы болмақ.

Елімізде бүгінде 21 банк жұмыс істейді десек, заңға енгізілген өзгеріс бойынша енді 19 шілдеден бастап солардың ішінде бөлшек төлемдерді қабылдайтындарының барлығы Банкаралық мобильді төлемдер жүйесіне қосылуға тиіс. Жүйе әртүрлі банк-тің клиенттеріне телефон нөмірі арқылы ақша аударуға және QR-кодпен төлем жасауға мүмкіндік береді. Телефон нөмірі демекші, мұндай сервис бұған дейін де 2024 жылдан бері болып келген. Ал қазіргі QR төлем жүйесі сол сервистің жалғасы іспетті.

Естеріңізде болса, былтыр 15 қарашада Ұлттық банк төрағасы Тимур Сүлейменов Қазақстан қаржыгерлерінің ХІІІ конгресінде пилоттық жоба ретінде ресми түрде іске қосқан еді. Сол уақытта осы жүйе арқылы алғашқы төлем транзакциясын сәтті жасаған болатын. Бүгінде көптеген дүкен сатып алушыдан белгілі бір банктің қосымшасын ашуды сұрайды. Ал бірыңғай QR іске қосыл-ғанынан кейін мұндай қажеттілік болмайды. Әр адам күнделікті қолданатын кез келген банк қосымшасы арқылы төлем жасай береді.

ҚОЛМА-ҚОЛСЫЗ ТӨЛЕМ ІШІНДЕ QR ҮЛЕСІ КӨП

Мұндай жанашылдық енгізуге не түрткі болғаны да белгілі. Fingprom сайтының деректеріне сәйкес, Қазақстанда қолма-қол ақшасыз төлемдер банк карталары айна-лымының негізгі бөлігін құрайтын деңгейге жеткен. Айталық, 2026 жылдың қантар-

мамыр айларында Қазақстан аумағында қазақстандық және шетелдік эмитенттер шығарған төлем карталары арқылы жүргі-зілген қолма-қол ақшасыз төлемдердің көлемі 73,5 трлн теңгегін құраған. Сонау 2016 жылдың осы кезеңіндегі көрсеткіш небәрі 462,1 млрд теңге ғана болған еді. Осы аралықта 159 есе өсіп кеткен.

Дегенмен қазір нарықтың өсу қарқыны айтарлықтай баяулаған. 2020 жылдың қаңтар-мамырында қолма-қол ақшасыз төлемдер көлемі бір жылда 2,6 есе артса, 2021 жылдан бастап осы аралықтағы өсім көрсеткіші биылға дейін бірқалыпты қарқын ұстап отырған. Сол бес жыл ішінде 3,2 есеге артыпты. Әйтсе де, кейінгі бір жылдағы өсім небәрі 3,9% болып отыр. Бұл үрдіс қолма-қол ақшасыз төлемдер нарығы қарқынды даму кезеңінен кемелдену кезеңіне өтіп жатқанын білдіреді, яғни қолданушылардың басым бөлігі бұл қадамды әлдеқашан жасаған.

Өңір бойынша бөліп карасак, қолма-қол ақшасыз төлемдердің негізгі бөлігі бұрынғысынша ірі қалаларда шоғырланған. Биылғы алғашқы үш айда Алматының үлесіне 37,2 трлн теңге, яғни елдегі жалпы көлемнің жартысынан астамы тиесілі болыпты. Екінші орында Астана (6,6 трлн теңге), үшінші орында Шымкент (4,6 трлн теңге). Сондай-ақ Түркістан облысында (2,5 трлн теңге), Алматы облысында (2,4 трлн теңге) және Қарағанды облысында (2,3 трлн теңге) жоғары көрсеткіш тіркелген.



Еллар ҚАБА (қолжазба)

Осы кезеңде ең қарқынды өсіп жатқан сегмент QR-төлемдер болып отыр. Осыдан үш жыл бұрын бірінші тоқсанда олардың көлемі 1,5 трлн теңге болса, жыл сайын адымдап өсіп, осы жылы 8 трлн теңгеге бір-ақ жеткен. Ерекше айта кетерлігі, QR арқылы жасалған төлемдер көлемі жағынан екінші жыл қатарынан POS-терминалдар арқылы жасалған қолма-қол ақшасыз төлемдерден асып түсті. Бұл да QR-кодтың бүгінгі сауданың басты құралына айналып болғанына тағы бір дәлел.

КОМИССИЯНЫҢ БӘРІ ЕЛДЕ ҚАЛАДЫ

Ендігі мәселе, жана төлем жүйесі банк-терге қаншалықты тиімді және ол талапты сақтамаған жағдайда қаржы институттарына не болады? Ірі-ірі деген банктер осы уақытқа дейін өздерінің QR-кодтарын белсенді дамытып келгені белгілі. Клиентті көп тарту үшін сол арқылы төлем жасаған жағдайда біраз бонус пен кэшбэк ұсынумен болды. Енді Ұлттық банк қалыптасқан дәстүрді бұзып, тіпті ескерту де жасап отыр.

Бұдан былай банктер клиенттерді тек өздерінің QR-кодын пайдалануға шақырып, үлкен бонус немесе кэшбэк арқылы қолдан ынталандырса, мұндай әрекеттер бірыңғай

QR жүйесін айналып өту талпынысы деп бағалануы мүмкін. Бас реттеуші орган мұндай әрекеттерге жол берілмейтінін мәлімдеді.

Айта кетейік, бірыңғай QR жүйесінің операторы — Ұлттық банкке қарасты Ұлт-тық төлем корпорациясы. Бұл ұйым бүгінде Банкаралық мобильді төлемдер жүйесін басқарады. Ескеретін бір жайт, бірыңғай QR — бұл бірыңғай төлем арнасы. Бірақ ол банктердің өз өнімдерін алмастырмайды, тек әртүрлі банктің экзотикалары арасындағы шектеулерден арылтады.

Мәселен, бұған дейінгі дағды қалай еді? Бұрын банк картасымен төлем жасағанда ақша сатып алушының банкінен халық-аралық төлем жүйесіне (Visa, Mastercard және т.б.) өтіп, одан әрі сатушының банкіне барып түсетін. Осындай сауда тізбегіндегі әрбір қатысушы өз комиссиясын ұстап қалатын. Ал бірыңғай QR бұл тізбектен халықаралық төлем жүйелерін алып тастайды. Ақша сатып алушыдан Ұлттық төлем корпорациясы арқылы тікелей эк-вайер банкке және сатушыға түседі. Соның нәтижесінде, төлемдерге байланысты қаражат пен комиссиялар ел ішінде қалады.

Мамандардың айтуынша, жана төлем жүйесі іске қосылғаннан кейін жұрттың күнделікті тіршілігін айтарлықтай жеңілдет

түсуге тиіс. Өйткені ол тек кәсіпкер мен тұтынушы арасындағы сауда құралы ғана емес, сонымен бірге түрлі қызмет ақысын төлеуге де қолдануға ыңғайлы құрал болмақ. Қарапайым тілмен айтқанда, барлық қаладағы ауруханаларда, мемлекеттік органдарда да төлем ақы жасау үшін кезең-кезеңімен жолға қойыла бастайды.

Ұлттық банк төрағасының айтуынша, апта соңында жана төлем жүйесі жұртшы-лыққа арнайы таныстырылады. Ол тек банктер үшін ғана емес, басқа да түрлі төлем қабылдайтын ұйымдар үшін де жарай береді. Соның ішінде криптоөмияндар үшін де төлем құралына айнала алады.

Цифрлық даму министрі Жаслан Мәдиевтің айтуынша, криптосервистерді банк инфрақұрылымдарымен біріктіріп жұмыстары басталып кеткен. Бұл пайда-ланушыларға үлкен көмек болғалы тұр. Өйткені шифрлық активтер дәл сол уақытта кәдімгі ақшаға айырбасталады да, сосын оны тауарлар мен қызметтердің ақысын төлеуге жұмсай береді. Әзірге мұндай интеграциялар бағдарламалық камтамасыз ету деңгейінде жүзеге асырылып жатыр және банктердің төлем терминалдары желісіне енгізілу үстінде.

Бекбол АМАНГЕЛДІ

ОТАНДЫҚ ФАРМАЦЕВТИКАНЫҢ ӨРІСІ КЕҢЕЙДІ

Кейінгі жылдары елімізде өндірілетін дәрі-дәрмек көлемі біртіндеп артып келеді. Қазір отандық дәрі-дәрмек үлесі шамамен 40 пайызға жетті. Денсаулық сақтау министрлігінің мәліметінше, 2025 жылдың қорытындысы бойынша фармацевтикалық өнім өндірісінің көлемі 191,1 млрд теңгеге жеткен. Бұл көрсеткіш 2024 жылмен салыстырғанда 8,7 пайызға жоғары болып отыр.



Елаш КАБА (KOLARUM)

Айсұлу СЪЕЗХАН

Министрлік дерегіне, отандық өндірушілердің үлесі табиғи көлемде 39,8 пайызға жетіп үлгерді. Бұл есеп дәрілік заттарды танбалау және қадағалау жүйесінің ақпараты арқылы расталған. Денсаулық сақтау вице-министрі Тимур Мұратов фармацевтика саласына тартылған инвестиция көлемі 142,8 млн долларға жеткенін мәлімдеген еді. Сонымен қатар отандық фармацевтикалық өнім экспорты 84 млн долларға дейін өсті.

БИОФАРМАЦЕВТИКАЛЫҚ КЕШЕН ҚҰРЫЛЫСЫ

Елімізде толық циклді биофармацевтикалық кешен бой көтереді. Онда онкологиялық, аутоиммунды және сирек кездесетін сырқаттарды емдеуге арналған дәрі-дәрмек пен заманауи иммунобиологиялық препараттар өндірілмек. Бұл отандық фармацевтика саласының дамуына ықпал етіп, орнықты өндірістік базаны қалыптастыруға, әлеуметтік маңызы бар препараттардың импортын кезен-кезеңімен алмастыруға мүмкіндік береді. Ал шығарылған өнімнің бір бөлігі ЕАЭО, ТМД және Таяу Шығыс мемлекеттерінің нарығына экспортталмақ.

Денсаулық сақтау министрлігінің дерегіне, елімізде онкологиялық және сирек кездесетін сырқатқа шалдыққан азаматтар қатары бүгінде 320 мыңнан асады. Ал ауыр сырқаттың деніне ем-дом үшін шетелден келетін препараттарға тәуелді болып отырғанымыз белгілі.

— Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстанда дәрілік заттардың отандық үлесін арттыру жөніндегі тапсырмасын іске асыру мақсатында елімізде фармацевтика саласы тағы бір маңызды ірі жоба іске қосылады. Үкімет Денсаулық сақтау министрлігі мен Steppe Pharmaceuticals компаниясы арасындағы келісімді мақұлдады. Өндірістік нысандардың бірі Алматы облысында салынады. Мұнда 32 миллиард теңгеден аса қаражат жұмсалып, 20 шақты препарат түрі өндіріледі. Зауыт құрылысы биыл басталып, 2031 жылға дейін жалғаспақ. Өнеркәсіп орнында дәрілік заттар өндірісі мен сертификаттаудан бөлек, ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар да жүргізіледі, — дейді Денсаулық сақтау вице-министрі Тимур Мұратов.

ДӘРІ ӨНДІРІСІНІҢ ЖАНА МҮМКІНДІГІ

Бүгінде елімізде 209 отандық тауар өндіруші тіркелген. Оның қатарында 43 кәсіпорын дәрі-дәрмек шығарса, 166 компания медициналық бұйымдар өндіріп келеді. Ал таяуда Үкімет Қарағанды облысында фармацевтикалық зауыт салу жобасын мақұлдады. Отандық фармацевтика өндірісінің өсуі елдің дәрі-дәрмек қауіпсіздігін күшейтіп, импортқа тәуелділікті азайтуға мүмкіндік береді. Сол себепті бұл жобаның ел фармацевтикасы үшін маңызы жоғары. Бұл жоба аясында инвестициялық келісімге Денсаулық сақтау министрлігі мен Қарағанды фармацевтикалық кешені қол қойған. Жеке инвестициялардың жалпы көлемі — 42,5 млрд теңге, ал жана өндіріс орнында 74 түрлі дәрілік зат шығару жоспарланып отыр. Өндірістік желі медицинаның маңызды бағыттарының, оның ішінде онкологиялық, аутоиммунды және орфандық ауруларды емдеуге арналған инновациялық дәрілік препараттарды қамтиды. Зауыт әлеуметтік маңызы бар аурулардың алдын алу және емдеуге қажетті иммунобиологиялық препараттарды дайындамақ, онымен қоса басқа да жоғары технологиялық өнімдерді, әлемдік стандарттарға сай белсенді фармацевтикалық ингредиенттерді, биологиялық және биотехнологиялық өнімдерді синтездеуді жолға қоймақ мақсатта. Жана зауыттың құрылысы аяқталса, 70 жана жұмыс орны ашылады. Айтарлығы, қазір фармацевтикалық өнімдер өндірісі саласында 316,3 млрд теңге болатын 6 инвестициялық келісім жасалған. Мұның өзі — отандық дәрі-дәрмек өндірісінің негізі берік қаланып жатқанының белгісі.

Денсаулық саласындағы тағы бір маңызды жобаның бірі — Шымкентте бой көтеретін жана зауыт жұмысы. Денсаулық сақтау министрлігі мен «Химфарм» АҚ арасында халықты қолжетімді дәрі-дәрмекпен қамту және отандық өндірістің үлесін арттыруға бағытталған инвестициялық келісім бекітілген еді. Бұл шешім Шымкенттегі Polpharma

Santo кәсіпорнында іске асатын ірі жобаның жана кезеңін бастауға жол ашты. Жана зауытта 38 түрлі маңызды дәрі-дәрмек өнімі шығарылмақ. Оның ішінде онкологиялық ауруларға қарсы препараттар, жүрек-қан тамыр ауруларына арналған дәрілер, инфекциялық дерттер мен туберкулезге қарсы өнімдер, созылмалы сырқаттарға қарсы препараттар да бар. Жоба қосымша 300 жана жұмыс орнын ашуға мүмкіндік береді, жоспарға сәйкес, зауыт 2029 жылдың аяғына қарай қолданысқа берілуге тиіс. Польшалық компания зауыт құрылысына 40 млрд теңге көлемінде инвестиция салып, ғылыми-зерттеу сынақ орталығы мен заманауи зертханалары бар Сапа және инновациялар орталығын ашуға да қолдау көрсетпек.

ОТАНДЫҚ ДӘРІЛЕР 12 ЕЛГЕ ЭКСПОРТТАЛАДЫ

Кейінгі 3 жылда дәрі-дәрмек өндірісіне үш Кесе көп инвестиция тартылды. Былтыр отандық фармацевтика өнімдерінің 18%-ы экспортталды. Қазір отандық дәрі-дәрмек әлемнің 12 еліне экспортталады. «ФармМедИндустрия» қауымдастығының президенті Руслан Сұлтанов фармацевтика ішкі нарықты қамтамасыз ету кезеңін енсеріп келе жатқанын айтады.

— Еліміз үшін бұл мәселе ерекше өзекті болып отыр. Өйткені сала алғашқы экспорттық тәжірибесін жинап үлгерді. 12 елге жеткізілетін өнімдер қазақстандық дәрілердің сыртқы нарықта сұранысқа ие екенін көрсетеді. Алайда бірнеше экспорттық келісім мен толыққанды экспорттық саланың арасында үлкен айырмашылық бар. Келесі деңгейге көтерілу үшін компанияларға жана нарықтарға шығудан бастап, өнімді басқа елдердің денсаулық сақтау жүйесіне енгізуге дейінгі барлық процесте көмектесетін экожүйе қажет болады, — дейді Р.Сұлтанов.

Бүгінде елімізде 3,5 миллионнан аса адам тегін дәрі-дәрмекпен қамтылып отыр. Биыл жана тізім бекітіліп, қаржыландыру көлемі 87 миллиардтан 337 миллиард теңгеге дейін ұлғайды. Алда тегін берілетін дәрілерді жеткізу логистикасы жүйеленіп, тегін дәрілерді сақтау қоймалары салына бастайды. «СҚ-Фармация» компаниясы өз қойма инфрақұрылымын жасактайды, негізгі орталықтар Ақтөбе, Ақтау және Семей қалаларында құрылады. Осылайша, жалдау ақысы мен логистикалық шығындарды азайтудың арқасында жыл сайын 1,7 млрд теңгені үнемдеуге болады. Ең бастысы, бұл шешім арқылы бағаның негізсіз өсуіне жол берілмейді. Алғашқы нысан Ақтөбеде келер жылы ашылады.

ЦИФРЛАНДЫРУДЫҢ АРТҚЫШЫЛЫҒЫ

Елімізде дәрілік препараттарға цифрландыру жүйесі енгізілгені бері тегін берілетін дәрі-дәрмектерді заңсыз қайта сатудың 25 мыңнан аса фактісі анықталған. Министрліктің хабарлауынша, кейінгі екі жылда цифрландыру жүйесі фармацевтикалық нарықтағы дәрілік заттардың нақты айналымын бақылауға мүмкіндік берген. Қазір елімізде шамамен 1 миллиард дәрі қаптамасы танбаланған. Оның 604 миллионы импорттық өнім болса, 400 миллионға жуығы отандық кәсіпорындарға тиесілі. Сонымен қатар жүйе арқылы 457 миллионнан астам дәрі қаптамасының түпкі тұтынушыға жеткені тіркелген. Әрбір дәрі қаптамасына Data Matrix коды қойылды, бұл жалған және контрафактілік өнімдердің заңсыз айналымын шектеуге бағытталды. Мамандардың сөзінше, тіркелмеген немесе қолдан жасалған дәрілік заттарды сатуға әрекет жасалған жағдайда жүйе оны алғашқы кезеңде-ақ анықтай алады. Бұған дейін Ішкі істер министрлігі мен Ұлттық қауіпсіздік комитеті Алматыда көршілес мемлекеттерден дәрілік препараттарды, күшті әсер ететін медикаменттерді контрабандалық жолмен әкелген 4 компанияны анықтаған еді.

Сонымен қатар антибиотиктерді рецептіз сатуға қатысты талаптар қаралып жатыр. Денсаулық сақтау министрі Ақмарал Әлназарованың тапсырмасымен дәрігердің тағайындауынсыз антибиотиктердің сатылуын, онлайн-сервистер мен цифрлық платформалар арқылы таралуын қатаң бақылау қолға алынды. Бір сөзбен айтқанда, отандық фармацевтикалық жүйе жұмысын ынталандыру, дәрі бағасын тұрақтандыру, ішкі нарықты қамтамасыз ету сынды мәселелер кезең-кезеңімен шешімін тауып келеді.

Жай ғана спортқа бәс тігу немесе казиноға бір-екі рет барудың салдары көбіне сәтті аяқтала бермейді. Олар шын мәнінде «тәуелділікке алып келетін жолдың басында тұрғанын» сезбеуі де мүмкін. Мамандардың айтуынша, құмар ойынға тәуелділік бүгінде Қазақстандағы ең өзекті әлеуметтік мәселелердің біріне айналды. Сарапшылар елде 700 мыңға жуық адам тұрақты түрде бәс тігетінін, ал ойынға тәуелді азаматтардың саны 350-700 мың аралығында болуы мүмкін екенін айтады. Соған қарамастан, Денсаулық сақтау министрлігінің ресми есебінде ем қабылдап, диагноз қойылғандардың саны небәрі ондаған адаммен ғана шектеледі. Ал 2026 жылдың басындағы мәліметке сәйкес, ойын тәуелділігі бойынша ем қабылдаған ересектер саны — 98 адам. Олардың барлығы медициналық көмекке өз еркімен жүгінген. Бұл айырмашылық лудоманияның қоғамдағы ең жасырын тәуелділіктердің бірі екенін көрсетеді.

ЖАСЫРЫН «ЭПИДЕМИЯНЫҢ» ЗАЛАЛЫ

Айгүл СЕЙІЛ

Құмар ойындарға қызығушылық адамзатпен бірге жасасып келеді. Дегенмен лудомания жеке психикалық дерт ретінде өткен ғасырда ғана мойындалды. 1980 жылы америкалық Психиатриялық қауымдастық оны психикалық бұзылыс ретінде тіркеді. Соңыра Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы халықаралық аурулар жіктемесінің (ICD-11) жана редакциясында лудомания «патологиялық ойын мінез-құлқы» деп енгізілген.

Психиатрлардың айтуынша, лудомания — адамның ойынға деген құмарлығын басқара алмауы. Ол адам уақыт өте келе қаржылық қиындықтарға, психикалық күйзелістерге ұшырап, отбасылық жанжалдары бастан кешіп, қарызға батып, тіпті ең соңында суицид жасауы да мүмкін.

ЛУДОМАНИЯ ТУРАЛЫ ЗАҢДА НЕ ӨЗГЕРДІ?

2024 жылы 8 шілдеде Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ойын бизнесі, лотерея қызметі, денсаулық сақтау, мемлекеттік еңбек инспекциясы, мемлекеттік бақылау және артық заңнамалық регламенттеуді болғызбау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңға қол қойды. Бұл құжат лудоманиямен күресті күшейтуге бағытталған бірқатар маңызды норманы енгізді.

Жана заңға сәйкес, 21 жасқа толмаған азаматтарға және Бірыңғай борышкерлер тізілімінде тұрған адамдарға құмар ойындарға қатысуға тыйым салынды. Мемлекеттік қызметшілердің құмар ойындар



Бұрын құмар ойындарға қатысу үшін арнайы казиноға бару қажет болса, бүгінде бірнеше секунд ішінде телефон арқылы кез келген букмекерлік сайтқа кіруге болады. Дәл осы қолжетімділік те тәуелділіктің негізгі себептерінің біріне айналған болуы мүмкін. Құмарпаз алғашқыда аз мөлшерде ақша тігеді. Кейін ұтылған қаржысын қайтаруға тырысып, қайта-қайта бәс тігеді. Осылайша, тұйыққа тіреле береді.

мен бәс тігуге қатысуына толық тыйым енгізілді. Сондай-ақ әрбір азамат eGov mobile қосымшасы арқылы электрондық цифрлық қолтаңбаның көмегімен өзін байдан 1 жылға дейін құмар ойындардан ерікті түрде шектей алады. Ал букмекерлік кеңселер мен тотализаторлардың сыртқы және интернеттегі жарнамасына тыйым салынды. Тек спорт нысандардарында, спортшылардың киімінде және спорт федерацияларының ресми сайттарында ғана жарнамаға рұқсат берілген. Заңсыз ойын бизнесін ұйымдастырғандар Қылмыстық кодекстің 307-бабына сәйкес айыппұлдан бастап қоғамдық немесе түзеу жұмыстарына тартылуы, мүлкі тәркіленуі отырып 7 жылға дейін бас бостандығынан айырылуы мүмкін. Мамандардың пікірінше, заңдағы бұл өзгерістер ойынға тәуелділіктің алдын алуға, әсіресе жастар мен әлеуметтік осал топтарды қорғауға бағытталған маңызды қадамдардың бірі болып саналады.

ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ТАРИХТЫҢ ДА ӘСЕРІ БАР

Сонғы жылдары лудоманияның әлеуметтік проблемаға айналуына қандай қоғамдық факторлар әсер етті? Қазақстан қоғамындағы негізгі себептерді қалай түсіндірер едіңіз деген сауалдарды Qazaq Expert Club expertі, психолог Жадыра Сабировваға қойған болатынбыз. Оның айтуынша, лудоманияның таралуына бірнеше фактор қатар әсер етеді. Біріншіден, онлайн-букмекерлік платформалардың тәулік бойы қолжетімді болуы. Екіншіден, әлеуметтік желілерде «онай ақша табу»

идеясын насихаттайтын контенттің көбеюі. Үшіншіден, қаржылық қысым, созылмалы стресс және белгісіз болашақ.

«Психолог ретінде мен тағы бір маңызды факторға назар аударар едім. Кейбір адамдарда тәуелді мінез-құлықтың қалыптасуына ерте балалық шақтағы эмоционалдық жарақаттар, әсіресе өмірдің алғашқы кезеңінде қауіпсіздік сезімінің, тұрақты эмоционалдық байланыстың жеткіліксіз болуы әсер етуі мүмкін. Мұндай тәжірибе адамның күйзелісті реттеу механизмдеріне ықпал етіп, кейін эмоциялық ауыртпалықтан қашудың әртүрлі жолын іздеуге бейімдеуі мүмкін. Құмар ойын уақытша жеңілдік немесе үміт сыйлағандай көрінгенімен, уақыт өте келе бұл тәуелділікке айналу қаупін арттырады. Сондықтан лудоманияны тек қаржылық немесе әлеуметтік мәселе емес, адамның психологиялық тарихымен де байланысты кешенді құбылыс ретінде қарастыруға жөн», — дейді Жадыра Сабировва.

Бұрынғы құмар ойындарға қатысу үшін арнайы казиноға бару қажет болса, бүгінде бірнеше секунд ішінде телефон арқылы кез келген букмекерлік сайтқа кіруге болады. Дәл осы қолжетімділік те тәуелділіктің негізгі себептерінің біріне айналған болуы мүмкін. Құмарпаз алғашқыда аз мөлшерде ақша тігеді. Кейін ұтылған қаржысын қайтаруға тырысып, қайта-қайта бәс тігеді. Осылайша, тұйыққа тіреле береді.

Әлеуметтанушылардың айтуынша, лудомания — ең жасырын тәуелділіктердің бірі. Нашакорлық немесе алкоголизмнен айырмашылығы, ойынға тәуелді адам ұзақ уақыт бойы қалыпты өмір сүріп жүргендей көрінеді. Сондықтан тәуелділікпен күрес тек тыйым салумен шектелмеуі тиіс. Халықтың қаржылық сауаттылығын арттыру, психологиялық кө-

мекті қолжетімді ету, жастардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру және тәуелділікке ерте диагностика жүргізу сынды әрекеттер көмекші қосарланып отыруы маңызды. Иә, ол көп жағдайда көмек сұрамайды. Себебі өзін аурумын деп есептемейді, екінші жағынан, ондай адам өмірді шынайы қабылдамайды. Үнемі жалған сенімнің жетегінде жүреді. Сөзіміз құрғақ болмасын, бір танымсыздың қызы былтыр ғана тұрмысқа шыққан болатын. Жылдың басында ажырасып кетті. Себебі — күйеудің казинодан шықпауы. Бастапқыда келіншегіне білдірмеген, бір айдан соң үйге апталап қонабауды шығарған. Екі айдан соң 50 млн теңге шамасында қарызы бар екенін айтқан... Бірақ екі-үш рет «ойнап» қарызды жабама деп әйелін сендірген. Нәтижесінде тағы 2-3 айдан соң қарыз 100 млн-нан асып кеткен. Емделу туралы кеңестерді мүлде тыңдамаған соң жас әйел амалсыздан ажырасу қадамына барған. Бұл — бір отбасының ғана тағдыры...

Qazaq Expert Club expertі, психолог Жадыра Сабированың пікірінше, қаржылық қиындықтар, жұмыссыздық және әлеуметтік тенсіздік сияқты факторлар құмар ойын ойнауға тәуекелді арттыруы мүмкін, бірақ өздігінен лудоманияның себебі болмайды. «Қаржылық қиындыққа тап болған адам құмар ойынды мәселеден шығудың жолы ретінде қабылдауы мүмкін. Алайда мұндай шешім көп жағдайда жағдайды одан әрі қиындатып, қарыздың өсуіне және психологиялық күйзелістің күшеюіне әкеледі. Дегенмен лудомания салдарынан ажырасу, қарызға бату, қылмыс сияқты әлеуметтік мәселелердің артып келе жатқаны да жасырын емес. Лудомания тек адамның өзіне емес, оның отбасына, қаржылық жағдайына және әлеуметтік қатынастарына әсер етеді. Сенімнің жоғалуы, қарыздың көбеюі, жасырын әрекеттер, эмоционалдық тұрақсыздық отбасылық жанжалдардың жиілеуіне себеп болуы мүмкін. Кейбір адамдар қарызды жабу үшін заңсыз әрекеттерге де баруы ықтимал. Сондықтан лудоманияны тек жеке мәселе емес, қоғамдық денсаулық мәселесі ретінде қарастыру қажет», — дейді ол.

Иә, мамандардың пікірінше, лудоманиямен күрестің ең тиімді жолы — оны тек құқықтық немесе медициналық мәселе ретінде емес, қоғамның әл-ауқаты мен психикалық денсаулығына тікелей әсер ететін кешенді әлеуметтік проблема ретінде қарастыру. Тек сонда ғана ресми есеп пен шынайы өмір арасындағы үлкен алшақтықты азайтуға мүмкіндік туады.

ДАМУ

16 ШІЛДЕ 2026 | БЕЙСЕНБІ



Еліміздің әлеуметтік-экономикалық даму стратегиясында ауылды өркендету – басты басымдықтардың бірі. Ауыл инфрақұрылымын дамыту, халықтың тұрмыс сапасын арттыру, жұмыспен қамту, сапалы медициналық қызметке қолжетімділікті қамтамасыз ету мемлекеттік саясаттың бағыты болып қала бермек. Бұл бағыттағы жұмыстар экономиканың тұрақты өсімін қамтамасыз етіп қана қоймай, тұрғындардың өмір сүру сапасын жақсартуға, жаңа жұмыс орындарын ашуға және әлеуметтік инфрақұрылымды дамытуға мүмкіндік береді. Міне, осындай мақсатты даму жолында келе жатқан ауданның бірі – Шығыстағы Күршім ауданы. Кейінгі жылдары ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуы өзгеріп, жаңа даму кезеңіне аяқ басқанын байқауға болады. Атап айтқанда, ауыл шаруашылығы, кәсіпкерлік салалары серпінді дамып, инфрақұрылым жаңартылып, әлеуметтік қолдау жандана түскен. Осы орайда әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштері мен алдағы жоспарлары жөнінде Күршім ауданының әкімі Мейіржан Альбековпен сұхбат құрған едік.

— Биыл ауданның әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштері қандай деңгейде?

— Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Жолдауын негізге ала отырып, 2026 жылы ауданның әлеуметтік-экономикалық көрсеткіші оң динамика көрсетіп отыр.

2026 жылдың 4 айдың қорытындысы бойынша өнеркәсіп өнімінің көлемі 10 млрд 180,8 млн теңгені, оның ішінде өңдеу өнеркәсібі өнімінің көлемі 9 млрд 286 млн теңгені, тау-кен өнеркәсібі 623,5 млн теңгені құрады.

Ауыл, орман және балық шаруашылығы өнімінің көлемі 3 млрд 407,8 млн теңгені, өсу қарқыны — 112,2%, нақты көлем индексі — 101,3%;

Ауыл шаруашылығы өнімінің көлемі 3 млрд 109,9 млн теңгені, өсу қарқыны — 113,6%, нақты көлем индексі — 101,4%; Негізгі капиталға тартылған инвестициялар көлемі 1 млрд 274,1 млн теңгені, оның ішінде нақты секторға тартылған инвестиция көлемі 854,2 млн теңгені құрады.

Ауданды дамытудағы маңызды салалардың бірі – ауыл шаруашылығы. Мал басының барлық түрі бойынша өсім қарқыны 100%-дан асты. Мемлекет тарапынан кәсіпкерлерге айтарлықтай қолдау көрсетілуде. Аудан бойынша көктемгі дала жұмыстары қарқынды жүргізілуде.

Құрылыс жұмыстарының көлемі 150 млн теңгені құрады, 1 225 шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді.

Бөлшек-сауда тауар айналымының көлемі 1 млрд 241,2 млн теңгені, өсу қарқыны 111,8%, нақты көлем индексі 100,1%-ды құрады.

— Инвестиция дамудың бір көрсеткіші екені анық. Осы орайда ауданда қандай инвестициялық жобалар жүзеге аспақ?

— Инвестициялық жобалардың аудан үшін маңызы зор. Өңірлік жобалар санатына кірген туризм, суару жүйелерін салу, жеміш-базасын ашу, балық өнімдерін өңдеу секілді жобалар биылғы жылға межеленген. Мысалы, Абай ауылдық округі аумағында «ДЕЕН» ЖШС-ның демалыс базасын салу жобасын айтуға болады. Жобаның инвестиция көлемі — 2 млрд теңге (жеке қаражат). Жалпы ауданы 71,5 гектар жер учаскесі рәсімделген. Қазір аумақты көгалдандыру мақсатында әртүрлі сұрыптағы 150 жеміс ағашы, оның ішінде негізінен алма

— Ауыл шаруашылығы саласы кай өңірдің болса да іргетасы секілді көрінеді. Дәл осы сала Күршімде қалай дамып жатыр?

— Ауданды дамытудағы маңызды салалардың бірі — ауыл шаруашылығы. Мал басының барлық түрі бойынша өсім қарқыны 100%-дан асты. Мемлекет тарапынан кәсіпкерлерге айтарлықтай қолдау көрсетілуде. Аудан бойынша көктемгі дала жұмыстары қарқынды жүргізілуде. Биылғы жылы егістік көлемі 22,7 мың гектар құрайды деп күтілуде.

Оның ішінде: дәнді дақылдар 1202 гектар, майлы дақылдар 1050 гектар, бақша 605 гектар, көкөніс 320 гектар, картоп 625 гектар, малазықтық дақылдар 20 мың гектар құрайды.

2026 жылдың 4 айында аудан бойынша ірі кара мал басы 51 199 басты құрады, өсу қарқыны 103,2%. Ұсақ мүйізді мал 114 590 бас, өсу қарқыны 96,1%. Ұсақ мүйізді мал басының азаюына негізгі себептердің бірі 2023 жылдан бастап

Өзбекстан азаматтарының етті көп көлемде тасымалдап әкетуі болып отыр. 2023 жылы 7 мың тонна, 2024 жылы 15 мың тонна, ал бүгінгі күнге дейін 8 мың тоннаға жуық ұсақ мал етін тасымалдаған.

Асыл тұқымды ірі кара — 2878 басты, ұсақ мүйізді малдар 6831 басты құрады.

Мал тұқымын түрлендіру және асылдандыру бағытында субсидия алуға облыстық ауыл шаруашылығы басқармасына 247 шаруа қожалығының өтінімі табысталды, оның 144-і мақұлданып, 153,5 млн теңге көлемінде субсидия төленді.

Ауданда 500 бастан астам ұсақ мал ұстайтын 23 шаруа қожалығы және 100 бастан астам ірі қарасы бар 38 шаруа қожалығы жұмыс істейді. Шаруашылықтар мал басын көбейтумен қатар, асыл тұқымды мал өсірумен, бордақылаумен және мал шаруашылығы өнімдерін өндіру мен сатумен айналысады. Биыл 144 шаруа қожалығына жалпы сомасы

117,9 млн теңге көлемінде қаражат бөлінді. Атап айтқанда, «Ауыл аманаты» бағдарламасы бойынша 2 жоба иесінің 16,9 млн теңге несие қаражатын беруге құжаттары мақұлданды. 11 жоба иесінің 200,3 млн теңге көлемінде қаражат алуға құжаттары тапсырылды. 7 шаруа қожалығы лизингке 101 млн теңгеге 7 бірлік ауыл шаруашылығы техникасын сатып алды.

— Жол, ауызсу және электр желілерін жаңарту бойынша атқарылған жұмыстарға тоқталсаңыз.

— Күршім ауданы бойынша таза ауызсумен 21 елді мекеннің 20-сы қамтамасыз етілген, 95,2 пайызды құрайды. 2026 жылы құны 6,7 млрд теңгені құрайтын Күршім ауылындағы су құбыры желілерін қайта жаңарту жобасын іске асыруға 305,7 млн теңге бөлінді. Жоба 2023 жылдан бастап жүзеге асырылуда. 2023-2025 жылдары аталған жобаға барлығы 885,2 млн теңге бөлініп, толық игерілді. 2026 жылдың мамыр айында су құбыры желілерін тарту жұмыстары басталды. Сонымен қатар жергілікті бюджеттен ағымдағы жөндеу

379 адам тұр. Оның ішінде 200-ден астамы әлеуметтік осал топтарға жатады. «Бір қабатты Шығыс» бағдарламасы аясында биыл 30 тұрғын үй салу жоспарланған. Қазір Алғабас, Күршім, Қыстау-Күршім және Жолнұсқау ауылдарында құрылыс жұмыстары басталды. Мердігерлер үйлерді салып қана қоймай, барлық инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды тартып беруге міндеттелген.

— Көші-қон бағдарламасы аясында ауданға қоныс аударушылар саны артқан. Қоныс аударушыларды жаңа ортаға бейімдеу қалай жүргізілуде?

— 2026 жылы Күршім ауданына еңбек күші артық өңірлерден 50 адамы бар 17 отбасын көшіріп әкелу жоспарланған болатын. Ал бүгінде ауданымызға аталған өңірлерден 56 адамы бар 11 отбасы қоныс аударып келді. Олардың арасында жұмысқа жарамды адам саны — 15.

Жіліктеп айтар болсақ, Алматы облысы Іле ауданынан, Түркістан, Алматы қаласынан, Жамбыл, Қызылорда облыстарынан көшіп келген отбасылар Аманат, Қайыңды, Үшбұлақ, Қыстау-Күршім ауылдарына табан тіреп отыр. Қоныс аударушыларға тиісті мемлекеттік көмек көрсетіліп, тұрғын үймен қамтамасыз ету, жұмысқа орналастыру жұмыстары өз деңгейінде атқарылып отыр. Бұл көші-қон бағдарламасы шалғай жатқан ауылдарда халықтың тұрақтануына, мектептердегі бала санының азаймауына өз септігін тигізері анық.

— Әлеуметтік осал топтарды қолдау мақсатында қандай шаралар қолданылуда?

— Күршім ауданындағы қарттар мен мүгедектігі бар азаматтарға сауықтыру және демалыс ұйымдастырылуда. Күршім ауданында халықтың әлеуметтік осал топтары мемлекет қолдауымен оналтудан өтіп, демалуға мүмкіндік алуға. Мүгедектігі бар азаматтардың денсаулығын жеке оналту бағдарламасына сәйкес, қалпына келтіру мақсатында алты адам «Мойылды», «Адал ниет», «Ақбұлақ», «Бақсы» шипажайларына жіберілді. Сондай-ақ 42 зейнеткер «Ұба» шипажайында, ал 16 зейнеткер «Өскемен—Таловка» шипажайында демалып қайтты.

— Аудандағы туризм бағытын дамыту бойынша қандай жұмыстар атқарылуда?

— Туризм саласы — аудан үшін маңызды саланың бірі. Бұқтырма су қоймасы арқылы салынған көпір пайдалануға берілгеннен кейін Құйған ауылдық округіне қарасты «Орақ пен балға» учаскесінде туризм бағытындағы жұмыстар қолға алынды. Көпір маңынан туризм бағытына 51 жоба келіп тұсын. Ал «Алтай инвест» жобасы бойынша Үшбұлақ ауылынан 200 адамға арналған демалыс орнын салу да осы туризм бағытына серпін бермек. Ауданда Қиын Керіш, Шөкермес секілді туристік нысандарға келушілер жылдан-жылға артып отыр.

— «Таза Қазақстан» акциясы сіздерде қалай жүзеге асуда?

— Мемлекет басшысының бастамасымен қолға алынған «Таза Қазақстан» акциясы ерекше маңызға ие. Осы шара шеңберінде біздің ауданда да ауқымды жұмыс атқарылып, ағаш отырғызу, көшет егу, өзен-көл, бұлақтардың көзін ашу кезең-кезеңмен атқарылды.

Елді мекендерді көгалдандыру және экологиялық мәдениетті қалыптастыру мақсатындағы тазалық шарасы өз деңгейінде ұйымдастырылды. Акция аясында әр сенбі күндері сенбіліктер, тазалық жұмыстары өткізілді. Биылғы жылдың өзінде 100 терек, 50 шырша отырғызу жоспарланған. Оның ішінде Сарыөлен, Бурабай ауылдарына, №3 Күршім гимназиясы орталық саябағына, Юбелейное



153 миллион теңгеден астам субсидия берілді.

Қойтас ауылында «ДЕЕН» ЖШС жылыжайы салып, көкөністерін арзан бағамен саудалауда. Бүгінде 20 жылыжайда түрлі көкөніс алғашқы өнімдерін беруде. 20 жылыжайдың 12-сінде қияр өсіріліп тұр. Тағы бір айта кетерлігі, өнімдері қолжетімді әрі сапалы. Бағаны тұрақтандыру мақсатындағы аудан әкімдігі арасындағы келісім бойынша алғашқы өнімдерін ауылшаруашылық жәрменкесінде саудалап, тұрғындардың сұранысын қанағаттандырып отыр.

— Шағын және орта бизнесті қолдау мақсатында қандай бағдарламалар іске асырылуда?

— Мемлекеттік қолдау ауылдағы басқа кәсіпкерлерге де көрсетілуде. Жыл басынан бері мемлекеттік бағдарламалар арқылы тоғыз кәсіпкерге 117 миллион теңгеден астам қаржы берілген. Тағы 11 кәсіпкер 200 миллион теңге көлеміндегі қолдауға өтінім тапсырған. Сонымен қатар жеті шаруа қожалығы 100 миллион теңгеден астам сомаға лизинг арқылы ауыл шаруашылығы техникасын сатып алған. Аудан экономикасының дамуына омарташылық саласы да елеулі үлес қосып отыр. Қазір

жұмыстарына 27 млн теңге бөлініп, Топтерек және Қыстау-Күршім ауылдарында су құбыры желілерін жөндеу жұмыстары жүргізілуде.

Жолдарды жаңарту да аудан білігінің негізгі міндеттерінің бірі саналады. Бұл бағытқа бюджеттен қосымша қаражат бөлінуде. Күршім — Қалжыр — Ақсуат автожолының 37-47 шақырым аралығын орташа жөндеуге 737 миллион теңгеден астам қаржы қарастырылған. Сондай-ақ Қаратогай, Барак батыр және Құйған ауылдарында жолдарға жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Жол жұмыстарында Топтерек ауылының ішкі көшелері де жөндегенін айта кету керек.

Ал жарық тарту жұмыстары бойынша Күршім ауылының ішіндегі Алғабас, Топтерек және Мульковское ауылдарындағы көше шамдарын ауыстыру, қалыпқа келтіру жұмыстары атқарылды. Бұл мақсатты жұмыстардың аясында жыл басынан бері ауылдық округ ауқымында 350 көше шамдары ауыстырылып, қисайып немесе майысып, апатты жағдайда тұрған 30 баған қалпына келтірілді.

— Баспанамен қамту бойынша «Бір қабатты Шығыс» бағдарламасы сіздердің



ауданда жеке қосалқы шаруашылығы бар 50-ден астам кәсіпкер тіркелген. Олар өндірген бал өнімдері Астана, Алматы қалаларына және Шығыс Қазақстан облысының өзге өңірлеріне жөнелтіледі.

Кейінгі жылдары кәсіпкерлік бағытын қолдау мақсатындағы «Ауыл аманаты» бағдарламасы өз игілігін беруде. 2025 жылы осы бағдарламамен 11 жобаға 82,5 млн теңге қарастырылса, «Кең дала» бағдарламасымен үш жоба мақұлданды. Жыл басынан бері мемлекеттік қолдау бағдарламалары арқылы 9 кәсіпкерге



ауылдарыңызда жалғасын тауып отыр ма?

— Кейінгі жылдары үлкен қолдауға ие болған «Бір қабатты Шығыс» бағдарламасы арқылы көпбалалы, аз қамтылған отбасылар мемлекет қолдауымен баспанамен қамтамасыз етілуде. Халықты тұрғын үймен қамтамасыз ету Күршім аудандық әкімдігінің басым бағыттарының бірі болып қала береді. Өткен жылы аталмыш бағдарлама шеңберінде ауданда 14 тұрғын үй құрылысы салынған. Биыл тұрғын үй кезегінде

ауылындағы жаңадан салынған үйлердің манайын абаттандыруға 70 терек, 10 шырша отырғызылды.

Сонымен қатар «Жасыл ел» жасағы да осы акцияға өз үлестерін қосып жүргенін айта кету керек. Биылғы жылы «Жасыл ел» жасағына Күршім ауданынан 100 жас қамтылып, ауданның тазалығына атсалысуда.

— Өңірімізге рақмет!

Сұхбаттасқан
Мадияр ТӨЛЕУ

СЕРПІН

16 ШІЛДЕ 2026 | БЕЙСЕНБІ

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТ – ӨРКЕНИЕТТІ ҚОҒАМНЫҢ ӨЛШЕМІ

Экологиялық қауіпсіздік пен қоршаған ортаға жауапкершілік бүгінде кез келген мемлекеттің тұрақты дамуының негізгі көрсеткіштерінің біріне айналды. Қазақстанда Мемлекет басшысының бастамасымен жүзеге асырылып жатқан «Таза Қазақстан» жалпыұлттық жобасы осы бағыттағы жүйелі өзгерістердің өзегіне айналып отыр. Бұл бастама тек көшелер мен қоғамдық орындарды тазалауға бағытталған кезекті науқан емес. Оның басты мақсаты – қоғамда жаңа экологиялық мәдениет қалыптастыру, заңға құрметті күшейту және әр азаматтың туған жеріне деген жауапкершілігін арттыру.

А Назгүл НАЗАРБЕК, Шымкент қаласы

Бүгінде аталған жоба еліміздің барлық өңірінде нақты нәтижесін көрсетіп келеді. Соның ішінде Шымкент қаласында қолға алынған жұмыстар ауқымымен, жүйелілігімен және ведомствоаралық өзара іс-қимылдың тиімді үлгісімен ерекшеленеді. Жуырда Шымкентте «Таза Қазақстан» жалпыұлттық жобасы мен «Заң және тәртіп» қағидатын іске асыру мәселелеріне арналған ведомствоаралық кеңейтілген жиын өтті. Басқосуға Шымкент қалалық прокуратурасы, Полиция департаменті, Экология департаменті, Төтенше жағдайлар департаменті, Жайлы ортаны дамыту басқармасы, өзге де мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйымдардың өкілдері қатысты. Жиында жыл басынан бері атқарылған жұмыстар сараланып, алдағы кезеңнің негізгі міндеттері айқындалды.

Мемлекет басшысы бірнеше мәрте тазалық мәдениеті мен заң үстемдігі бір-бірінен ажырамайтын ұғым екенін атап өткен болатын. Осы тапсырмаларды орындау мақсатында Шымкентте прокуратураның үйлестіруімен құрылған мобильді топ тұрақты жұмыс жүргізуде. Оның құрамына құқық қорғау органдарының қызметкерлері, жергілікті атқарушы органдардың мамандары, экологтар, төтенше жағдайлар қызметі және қоғам белсенділері енген. Мобильді топтың жұмысы тек құқықбұзушылықтарды анықтаумен ғана шектелмейді. Негізгі назар тұрғындардың экологиялық сауаттылығын арттыруға, қоғамдық жауапкершілікті күшейтуге, заңсыз коқыс төгу деректерінің алдын алуға және санитарлық талаптардың сақталуын қамтамасыз етуге бағытталған. Яғни «Таза Қазақстан» жобасының негізгі философиясы жазалау емес, ең алдымен, қоғамның санасын өзгерту.

Жүргізілген жұмыстардың нәтижесі нақты көрсеткіштерден де көрінеді. Биылғы жылдың алғашқы алты айында Шымкент қаласында 576 рейдтік іс-шара ұйымдастырылып, 23 мыңнан астам әкімшілік құқықбұзушылық анықталған. Заңсыз коқыс төгуге қарсы күрес барысында 188 автокөлік ұсталып, құқық бұзушыларға жалпы көлемі 59,6 миллион теңге әкімшілік айыппұл салынған. Бұл көрсеткіштер экологиялық талаптарды бұзуға қатысты бақылаудың күшейгенін ғана емес, заң талаптарының мүлтіксіз орындалуына басымдық беріліп отырғанын көрсетеді. Себебі қоршаған ортаны қорғау – әр азаматтың конституциялық міндеті әрі келешек ұрпақ алдындағы жауапкершілігі.

Экологиялық бақылауда цифрлық технологиялардың да тиімділігі артып келеді. «Қазақстан Ғарыш Сапары» ұлттық компаниясының геоаппараттық жүйесі арқылы анықталған 31 заңсыз коқыс орны толық жойылды. Ғарыштық мониторингті пайдалану арқылы экологиялық ахуалды бақылаудың жана тетіктері енгізіліп, мәселені жедел шешуге мүмкіндік жасалып отыр. Бұл өз кезегінде мемлекеттік басқаруда цифрландырудың тиімділігін көрсететін маңызды тәжірибе. «Таза Қазақстан» жобасының маңызды ерекшелігінің бірі оған тұрғындардың кеңінен тартылуы. Өйткені қаланың тазалығы тек коммуналдық қызметтердің немесе мемлекеттік органдардың міндеті емес. Ол – қоғамның ортақ мәдениетінің көрінісі.

230 МЫҢҒА ЖУЫҚ ТҮРҒЫН ҚАТЫСТЫ

Жыл басынан бері ұйымдастырылған сенбіліктер мен тазалық акцияларына Шымкент қаласында 230 мыңға жуық тұрғын қатысқан. 1438 арнайы техника



жұмылдырылып, қала аумағынан 2 мың тоннадан астам тұрмыстық қалдық шығарылған. Бұл туралы Шымкент қаласы Жайлы ортаны дамыту басқармасының басшысы Оңғар Әбілқайыр атап өтті. Басқарма басшысы атқарылып жатқан жұмыстардың тек тазалықпен шектелмейтінін атап өтті. Бұл көрсеткіштер халықтың қоршаған ортаға деген жауапкершілігінің артып келе жатқанын аңғартады.

— «Таза Қазақстан» жобасы аясында Шымкентте тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыруға бағытталған кешенді жұмыстар жүйелі түрде жүзеге асырылуда. Қалада жана саябақтар мен қоғамдық демалыс орындары бой көтеріп, өзен арналары абаттандырылып, жасыл аймақтар кеңейтілуде. Бұл бастамалардың барлығы қала тұрғындары үшін қолайлы әрі қауіпсіз өмір сүру ортасын қалыптастыруға бағытталған. Аталған жұмыстар Шымкент қаласы әкімінің тапсырмасына сәйкес кезен-кезеңімен іске асырылып келеді. Ең бастысы, қаланың тазалығы мен көркеюі тек мемлекеттік органдардың міндеті емес, бұл – туған қаласына жанашырлықпен қарайтын әрбір тұрғынның ортақ жауапкершілігі, — деді Шымкент қаласы Жайлы ортаны дамыту басқармасының басшысы Оңғар Әбілқайыр.

Шымкентте қалыптасқан тәжірибе бұл бағыттағы жұмыстардың нәтижелі

жүзеге асуы мемлекеттік органдардың үйлесімді әрекеті мен тұрғындардың белсенді қатысуына тікелей байланысты екенін көрсетті. Ведомствоаралық өзара іс-қимылдың күшеюі, қоғамдық бақылаудың артуы, цифрлық технологиялардың енгізілуі және халықтың белсенділігі экологиялық тәртіпті нығайтуға тың серпін беріп отыр.

ЖАСТАР БАСТАМАЛАРДЫ ҚОЛДАЙДЫ

«Таза Қазақстан» жалпыұлттық бастамасының маңызды бағыттарының бірі – қоғамда экологиялық мәдениетті қалыптастыру және жастардың табиғатқа жанашырлық көзқарасын дамыту. Осы мақсатта Шымкент қаласында тұрғындардың экологиялық танымын кеңейтуге бағытталған түрлі ағартушылық және тәжірибелік іс-шара тұрақты ұйымдастырылып келеді. Осындай игі бастамалардың бірі Абай саябағында өтті. Қалалық Жастар ресурстық орталығы ұйымдастырған «Таза Шымкент – қалдықсыз қала» тақырыбындағы кездесуге ерікті жастар, студенттер мен белсенді азаматтар қатысып, қоршаған ортаны қорғау мәселелері кеңінен талқыланды.

Іс-шара барысында Шымкент қаласы бойынша Экология департаменті басшы-

Семейдің қақ ортасында уақыт үнін сақтап тұрған тарихи ғимаратқа қайтадан жан бітіп келеді. Бір жарым ғасырға жуық тарихы бар, талай дәуірдің куәсі болған бұрынғы зооветеринарлық институттың ғимараты енді жаңа кезеңге қадам баспақ. Қырық жылға жуық уақыт үнсіз тұрған көне қабырғалар қайта жаңғырып, қаланың тарихи келбетінің ажырамас бөлігіне айналуға тиіс. Бұл жай ғана құрылыс жобасы емес. Бұл – өткен мен бүгінді жалғайтын, тарихи жадыны сақтайтын, Семейдің болашақ дамуына бағытталған маңызды бастама.

ҚАЙТА ЖАҢҒЫРҒАН ТАРИХ КЕЛБЕТІ

А Эльмира ЖҰРСІНБЕКҚЫЗЫ, Абай облысы

1873 жылы салынған сәулет нысаны бір кездері қаланың қоғамдық өмірінің өзегіне айналған еді. Оның қабырғалары талай тарихи оқиғаларға куә болды. Уақыттың талай сынынан өткен бұл ғимарат енді қайтадан қала тынысына араласпақ. Тарихи ғимараттың тағдыры жеңіл болған жоқ. 1917 жылғы алапат өрт кезінде нысан қатты зардап шегіп, тек негізгі қабырғалары ғана сақталған. Алайда сол кездегі қала тұрғындары ғимаратты қалпына келтіруге жұмылып, бір айдың ішінде қайта тұрғызған. 1918 жылдың 18 қаңтарында нысан қайта пайдалануға беріледі. Бұл оқиға – Семей халқының туған қаласына деген сүйіспеншілігі мен жауапкершілігінің жарқын белгісі. Кейін 1950 жылы Семейде зооветеринарлық институт ашылып, тарихи ғимарат жоғары оқу орнының бас корпусына айналды. Алайда 1986 жылы болған тағы бір өрттен кейін нысан қайтадан ауыр жағдайға түсті. Содан бері ондаған жыл бойы оның болашағы белгісіз болып келді. Бүгінде сол үнсіз тұрған қабырғаларға жана тыныс берілуде.

Абай облысының әкімі Берік Уәли құрылыс алаңына барып, қалпына келтіру жұмыстарының барысымен танысты.

— Қаланың дәл ортасында орналасқан ғимарат ұзақ уақыт бойы қараусыз қалып, шаһардың көріне кері әсер етіп тұрды. Қырық жылдан кейін оның қайта жаңғыртылуы – тарихи маңызы зор жұмыс. Инвесторларға алғыс айтамыз. Ғимараттың тарихи келбетін сақтай отырып жаңғыртсақ, ол Семейдің ең көрікті орындарының біріне айналады деп сенеміз, — деді өңір басшысы.

Жоба құны – 5 миллиард теңге. Жұмыс толықтай жеке инвестор қаражаты есебінен жүргізілуде. Ең басты талап – тарихи болмысты жоғалтпау. Ғимараттың қасбеті, сәулеттік ерекшеліктері мен негізгі композициясы сақталады. Сонымен қатар заманауи инженерлік жүйелер орнатылып, нысан жана форматтағы көпфункционалды кешенге айналады.

Жоспар бойынша мұнда қонақүй, мейрамхана, әкімшілік және коммерциялық нысандар орна-



ласады. Жоба іске қосылғаннан кейін 150 адам тұрақты жұмыспен қамтылады.

Қазіргі әлемдік тәжірибе көрсеткендей, тарихи ғимараттарды сақтау – тек мәдени міндет емес, экономикалық мүмкіндік. Еуропаның көне қалаларында ғасырлық ғимараттар бүгінде жана қызмет атқарып, туристер тартатын орындарға айналған. Бұрынғы зауыттар шығармашылық орталыққа, ескі үйлер қонақүй мен мәдени кеңістікке айналып отыр.

Семей үшін де бұл бағыттың маңызы зор. Себебі бұл қала – қазақ руханиятының алтын қазынасы. Абай мен Шөкәрімнің, Мұхтар Әуезов пен Алаш қайраткерлерінің ізі қалған мекенінің тарихи ортасын сақтау – ұлттық мәдени мұраны қорғау деген сөз. Қала тарихы тек кітап бетінде немесе архив сөресінде қалмауы керек. Ол күнделікті өмірде сезілуі қажет. Тарихи ғимараттар – өткеннің үнсіз куәгері ғана емес, келешектің дамуына қызмет ететін құндылық. Семейдегі бұл жоба соның нақты мысалы болмақ.

Кеше ғана қанырап тұрған көне қабырғалар енді қала тұрғындары мен қонақтарын қарсы алатын жана кеңістікке айналады. Уақыт сынаған ғимарат қайта түлеп, Семейдің жанарған келбетінің бір бөлігіне айналмақ.

ЗАҢ ҮСТЕМДІГІ – ҚАУІПСІЗ ҚОҒАМНЫҢ КЕПІЛІ

Бір қылмыстың азаюы – бір адамның қауіпсіздігі, бір отбасының тыныштығы. Абай облысында соңғы жартыжылдықта құқықбұзушылықтар санының төмендеуі құқық қорғау органдарының профилактикалық жұмысы мен жедел әрекетінің нәтижесін көрсетті. Ендігі басты міндет – осы үрдісті сақтап, халықтың полицияға деген сенімін одан әрі нығайту.



Қоғамның тұрақтылығы мен азаматтардың қауіпсіздігі заң үстемдігіне тікелей байланысты. Құқық-бұзушылықтың азаюы – жай ғана статистикалық көрсеткіш емес, адамдардың сенімділігі өміріндегі тыныштық пен кешенімен байқалады.

Өңірде тіркелген қылмыстар саны өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 355 дерекке азайған. Былтырғы жартыжылдықта 2 141 қылмыс тіркелсе, биыл бұл көрсеткіш 1 786-ны құрады. Бұл – құқық қорғау органдарының алдын алу жұмыстары, жедел қызметтердің үйлесімді әрекеті мен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бағытындағы жүйелі шаралардың нәтижесі.

Мемлекет басшысы жариялаған «Заң және тәртіп» қағидаты бүгінде құқық қорғау саласының негізгі бағытына айналды. Бұл ұстанымның түпкі мақсаты – заң талаптарын сақтау мәдениетін қалыптастыру, азаматтардың құқықтарын қорғау және қауіпсіз орта құру.

Жақында Абай облысы Полиция департаментінде өткен жедел кеңесте өңірдегі құқықтық ахуал сараланып, алдағы кезеңнің міндеттері айқындалды. Департамент бастығы, полиция полковнигі Эльдар Данияровтың төрағалығымен өткен жиынға құрылымдық бөлімшелер мен аумақтық полиция бөлімдерінің басшылары қатысты. Кеңесте келтірілген мәліметтерге сәйкес, өңірде ауыр және аса ауыр қылмыстар саны азайған. Соның ішінде адам өлтіру деректерінің екі есеге қысқаруы профилактикалық жұмыстардың күшейгенін көрсетеді. Мүлдіктік қылмыстар бойынша да он өзгеріс бар. Алайтқық фактілері 815-тен 622-ге дейін төмендеген. Ұрлық деректерінің азаюы да тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытындағы шаралардың тиімділігін аңғартады. Алайда құқық қорғау саласының нәтижесін тек қылмыс санының төмендеуімен бағалау жеткіліксіз. Маңызды көрсеткіштің бірі – жасалған қылмыстарды ашу сапасы.

Абай облысында негізгі бағыттар бойынша қылмыстарды ашу көрсеткіштері жақсарған. Бұл полиция қызметіндегі жеделдік, тергеу сапа-

сы және бөлімшелер арасындағы өзара байланыстың артқанын білдіреді.

Қылмысты ашу – тек кінәліні анықтау емес. Ол қоғамдағы әділеттілік сезімін қалыптастырып, азаматтардың мемлекетке және құқық қорғау органдарына деген сенімін күшейтеді.

«Әрбір алды алынған қайғылы оқиғаның, әрбір ашылған қылмыстың және құтқарылған әрбір адамның артында полиция қызметкерлерінің күнделікті еңбегі жатыр. Бірақ кез келген көрсеткіштің ең басты бағасы – тұрғындардың өз қауіпсіздігін сезінуі және полицияға сенім артуы», — деді Абай облысы Полиция департаментінің бастығы Эльдар Данияров.

Бұл сөздің астарында құқық қорғау жүйесінің басты міндеті жатыр. Полицияның жұмысы тек қылмысты тіркеу немесе ашумен шектелмейді. Негізгі мақсат – құқық-бұзушылықтың алдын алу, азаматтардың құқығын қорғау және қауіпсіз қоғам қалыптастыру. Кеңес барысында әлі де назар аударуды қажет ететін бағыттар талқыланды. Олардың қатарында бұрын жасалған ашылмаған қылмыстарды тергеу сапасын арттыру, профилактикалық жұмысты жетілдіру, атқарушылық тәртіпті күшейту және цифрлық технологияларды кеңінен пайдалану мәселелері бар.

Қазір технология құқық қорғау саласының маңызды құралына айналып отыр. Бейнебақылау жүйелері, заманауи аналитикалық платформалар мен цифрлық шешімдер полиция жұмысының тиімділігін арттырып, қылмыстың алдын алуға мүмкіндік береді.

Абай облысындағы жартыжылдық қорытынды құқық қорғау саласында он үрдістер бар екенін көрсетті. Қылмыстың азаюы, ашылу көрсеткіштерінің жақсаруы және профилактикалық шаралардың күшеюі өңірдегі қауіпсіздік жүйесінің нығайып келе жатқанын аңғартады. Басты өлшем – сан емес, сенім. Өйткені қауіпсіз қоғамның негізі – заңға құрмет пен азаматтың өз мемлекетіне деген сенімі.

Э.ЖҰРСІН

16 ШІЛДЕ 2026 | БЕЙСЕНБІ



«БАЛДӘУРЕНДЕГІ» БАҚЫТТЫ БАЛАЛЫҚ

Арқаның інжу-маржаны, Көкшетаудың баурайындағы әйгілі «Балдәурен» республикалық оқу-сауықтыру орталығында шетелдегі қазақ диаспорасы балаларының басын қосқан «Атамекен» халықаралық балалар құрылтайы өз жұмысын бастады. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі және Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының ұйымдастыруымен өтіп жатқан бұл жоба жас ұрпақтың тарихи отанымен рухани байланысын бекітетін, ұлттық болмысты жаңғыртатын алтын көпір іспетті. 7-21 шілде аралығында өтетін басқосу әлемнің әр түкпіріндегі қазақ балаларының басын бір шаңырақ астына біріктіріп отыр.

ҚҰРЫЛТАЙ АЯСЫНДА ЖОЛЫҚҚАН БАЛАЛАР

Әуелде құрылтайға әлемнің 11 елінен үміткерлер шақырылған болатын. Алайда шекарадан өту, ұзақ жол қатынасы мен құжат рәсімдеудегі кейбір ұйымдастырушылық қиындықтарға байланысты Түркия, Иран және Ауғанстаннан келетін балалар биылғы басқосуға қатыса алмады. Биыл әлемнің 8 мемлекетінен 288 қазақ баласы қасиетті қара шаңыраққа, атамекеніне аман-есен жетті. Бүгінде «Балдәурен» төрінде мәре-сәре болып жатқан жас өрендердің қатарында Моңғолия, Қытай, Өзбекстан, Ресей, Қырғыз мемлекеті мен түрікмен, тажик, Еуропа елдерінен келген балалар бар. Балалардың басым бөлігі ата-аналарымен бірге келген. Ұйымдастырушылар үшін ең бірінші кезектегі маңызды мәселе — қауіпсіздік. Шетелден келген әр баланың аман-есен жетіп, екі апталық танымдық демалыстан кейін өз елдеріне аман-есен оралуы қатан бақылауға алынған.

Бұл халықаралық жобаның тұрақты түрде жүзеге асырылуына Қазақстан Үкіметі қаржылай қолдау көрсетіп, оның табысты өтуіне тұрақты түрде атсалысып келеді. Мемлекет жыл сайын арнайы қаржы бөліп, шетелдегі этникалық қазақ балаларына квота ұсынып отыр.

Налық кайырымдылық қорының басқарушы директоры Нариман Әбілшайыков бұл серіктестіктің маңызына тоқталып:

«Биылғы құрылтай — бірнеше жылдан бері жалғасып келе жатқан серіктестіктің нақты нәтижесі. Балалардың бұл сапардан жарқын әсер алып қана қоймай, өздерінің қазақы болмысын тереңірек сезініп қайтуына жағдай жасау біздің басты мақсатымыз болды. Өйткені ұлттық құндылық пен тарихи жады — ұлттың болашағын айқындайтын ең маңызды негіздің бірі», — деп атап өтті.

Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы Төрағасының бірінші орынбасары Зауытбек Тұрысбеков биылдан бастап құрылтайдың форматы өзгергенін, балаларға тек демалыс қана емес, үлкен болашақ сыйлау көзделгенін айтты.

«Биылдан бастап біз мүлде жаңа бағдарламаны бастайын деп жатырмыз. «Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар» дейді ғой. Шетелдегі қазақ балаларының ішінен ең дарындыларын, зеректерін жинасақ па деген ой келді. Оларды тауып, оқытып, тәрбиелеп, болашақта әлемдік деңгейдегі ғалым, тіпті Нобель сыйлығының иегерін шығарсақ деген үлкен мақсатымыз бар. Мысалы, бүгінде шетелде түрлі салада табысты еңбек етіп, өз жетістіктерімен танылып жүрген қандастарымыз аз



емес. Осындай азаматтар бізде көп, әсіресе жастардың арасында дарынды, білімді, болашағынан зор үміт күттіретін өкілдер жетерлік. Біз балаларға ата-бабаларының тарихи жерін көрсетіп, олардың ұлттық болмысын нығайтып, үлкен мақсаттарға ұмтылуына жол ашуымыз керек», — деді Зауытбек Қауысбекұлы.

ШӘКІРТ ТӘРБИЕСІ — АҚЫЛ АЙТУ ЕМЕС, ҮЛГІ БОЛУ

Қауымдастықтың жұмысын заман талабына сай жетілдіру және жастармен байланысты нығайту мақсатында оның құрамына



Бұл халықаралық жобаның тұрақты түрде жүзеге асырылуына Қазақстан Үкіметі қаржылай қолдау көрсетіп, оның табысты өтуіне тұрақты түрде атсалысып келеді. Мемлекет жыл сайын арнайы қаржы бөліп, шетелдегі этникалық қазақ балаларына квота ұсынып отыр.

жана кеңесшілер тартылды. Бұл кадам жас ұрпақтың қызығушылығы мен сұранысын ескеріп, олардың тілінде сөйлей алатын, бағыт-бағдар бере алатын тұлғаларды қауымдастық жұмысына кеңінен тартуға мүмкіндік береді. Солардың бірі — Қытай Халық Республикасының Іле қазақ автономиялық облысы Алтай өңірінде дүниеге келіп, кейін тарихи Отанына қоныс аударған, халықаралық спорт аренасында Қазақстанның абыройын аскактатып жүрген кәсіпқой боксшы, әлем чемпионы Қанат Ислам.

Оның өмір жолы — шетелдегі қазақ жастары үшін туған елмен байланыстың, табандылық пен еңбектің жарқын үлгісі.

Зауытбек Тұрысбековтің айтуынша, балаларға таңнан кешке дейін құрғақ ақыл айтудан ештеңе өзгермейді. Нағыз тәрбие — көрнекілікте. Балалар Қанат Исламды көргенде оған қызыға қарап, «мен де Қанаттай батыр, намысты азамат болсам екен» деп алдарына мақсат қояды. Сол сияқты Нариман Әбілшайыков сияқты іскер азаматтарды көріп, соларға ұқсағысы келеді. Шәкірт дегеніміз — үлкендердің ісін байқап, солардан үлгі алатын тұлға.

«Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы — әлемдегі қазақтарды ұйыстыратын қарашаңырақ. Қазақта «Ер жігітті жас өсірмейді, жауапкершілік өсіреді» деген сөз бар. Біз де мойнымызға үлкен жауапкершілік алып отырмыз. Бұл ұйымға талай ел ағалары еңбек сіңіріп, дүниежүзіндегі қазақтарды біріктіру жолында аянбай қызмет етті. Сол игі істі жалғастырып, жаңа мазмұнмен дамыту — біздің міндетіміз. Елге келген қандастарға дұрыс бағыт-бағдар беру, береке-бірлікке шақыру, ел ігілігі үшін қызмет етуге жұмылдыру — үлкен жауапкершілік. Басты мақсат — қазақ елінің абыройын аскактату және ел бірлігін нығайту», — дейді Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы Төрағасының бірінші орынбасары.

«БОЛАШАҚТА ҚАЗАҚСТАНҒА КӨШІП КЕЛЕМІН»

«Балдәуренте» келген балалардың алған әсерлері де бөлек. Мұндағы екі күндік өмір олардың дүниетанымын мүлдем өзгертіп үлгерген.

Түрікменстаннан келген Айқын мен Нұрасыл есімді жеткіншектер өз елдерінде орыс мектебіне барады екен. Дегенмен үйде әке-шешесі тек қазақ тілінде сөйлейді. Олар Қазақстанға алғаш рет келіп отыр. Бурабайдың тау-тасы мен сулу табиғаты, футбол ойнаған орындар мен қазақтың ұлттық тағамдары балаларға қатты ұнаған. Алғашқы күні түнде аналарын сағынып, біраз жылап алғанын да жасырмады. Бірақ қазір олардың мақсаты айқын, болашақта Қазақстанға біржола көшіп келіп, бірі полиция, екіншісі дәрігер болуды армандайды.

Ал Қытай Халық Республикасының Алтай аймағынан келген Айзат Бейсембекқызы құрылтайдың алғашқы күндерінде-ақ өз өнерімен көзге түсті. Ол орталықта өткен салтанатты концертте домбыра тартып, ата-баба аманатын арқапал келгенін дәлелдеді.

«Мен Қазақстанға бұған дейін де бірнеше рет келгем, бірақ Бурабайды алғаш рет көрдім.

Мына «Балдәуренте» өтіп жатқан концерт керемет болды, өзім де сахнаға шығып домбыра тарттым. Маған мұндай іс-шаралар қатты ұнайды. Біз Қытайда тұрсақ та, отбасымызбен тек қазақ тілінде сөйлесеміз. Өзім қытай тілді мектепте оқыдым, бірақ дәл осы жылы біздің отбасымыз Қазақстанға, Астана қаласына біржола көшіп келетін деп жатыр. Қазір Астанадағы қазақ тілді мектепке ауысу құжаттарым дайындалуда. Мен Қазақстанды өте қатты жақсы көремін. Болашақта Назарбаев университетіне оқуға түсіп, мықты инженер болғым келеді», — дейді Айзат ағынан жарылып.

«Балдәурен» төрінде өтіп жатқан «Атамекен» халықаралық балалар құрылтайы — сол тарихи миссияның заңды жалғасы. Бұл жоба шетелдегі қазақ балаларының ұлттық бірегейлігін сақтауға, олардың жүрегінде Отанға деген махаббат отын жағуға және әлем қазақтарының рухани тұтастығын нығайтуға бағытталған ең маңызды халықаралық бастама болып қала бермек. Жалынды жастардың атамекенге оралған армандары осылайша Бурабай төрінде қанат қағып жатыр.

Айсұлу ЕРДӘУЛЕТҚЫЗЫ,
ЕҒҰ-дың 2-курс студенті

Елордадағы Ұлттық музейде «Рәміздер рухы – Конституция күші» атты республикалық конференция өтті. Мәдениет және ақпарат министрлігінің ұйымдастыруымен өткен жиын барысында қатысушылар мемлекеттік рәміздерді пайдалану тәртібіне енгізілген соңғы өзгерістер мен толықтыруларды талқылады.

РӘМІЗДЕР МӘРТЕБЕСІ ТАЛҚЫЛАНДЫ



Сымбат БАУЫРЖАНҚЫЗЫ

Алқалы жиында Мемлекеттік туды, Елтаңбаны және олардың бейнелерін, сондай-ақ Мемлекеттік әнұран мәтінін пайдалану мен орналастырудың жаңа қағидалары жан-жақты түсіндірілді. Басқосудың маңызы мен салмағын қатысушылар құрамынан-ақ аңғаруға болады. Мемлекеттік рәміздердің қолданылу аясын пысықтаған бұл жиынға Президент жанындағы тиісті республикалық комиссия мүшелері, мемлекеттік органдардың өкілдері, геральдика саласының білікті мамандары, мәдениет қайраткерлері, қоғам белсенділері, ғалымдар мен еліміздің әр өңірінен арнайы келген сарапшылар қатысып, ойларын ортаға салды.

Кездесу барысында сөз алған белгілі қоғам қайраткері, комиссия мүшесі Нұртөре Жүсіп жастардың бойына отаншылдық рухты сіңіруде жүйелі жұмыстың маңызы зор екеніне тоқталды. Ол ұлттық құндылықтарды ұлықтау — ұрпақ тәрбиесінің өзегі болуға тиіс екенін қадап айтты. Сондай-ақ халық қалаулысы қазақ геральди-касының негізін қалап, оның өркендеуіне өлшеусіз үлес қосқан көрнекті рәмізтанушы, марқұм Ербол Шаймерденұлының еңбегін ерекше ілтипатпен атап өтті.

Аталған республикалық комиссия мүшесі, «Қазақ газеттері» серіктестігінің бас директоры Дихан Қамзабекұлы таңбалардың мән-мағынасын зерттеп-зерделеу тарих тереңіне бойлататынына тоқталса, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, ақын-публицист Ербол Шаймерденұлының жұбайы, педагог Күләш Шаймерденова рәміздер мемлекеттің басты белгілері екенін тілге тиек етіп, рәмізтанушының көк Туға арналған бір өлеңін оқыды. Келесі сөз кезегін алған Ғалиаскар Сарыбаев, Болат Керімбек сынды қоғам қайраткерлері мемлекеттік рәміздердің 35 жылдығына арналған іс-шараларға қатысты ой-пікірлерін ортаға салып, ұсыныстарын айтты.

— Қаулыда көрсетілгендей, Мемлекеттік туды жеке және заңды тұлғалардың ғимараттарда, оның ішінде балқондарда (45 градус бұрышпен) және салтанатты іс-шаралар өткізілетін жерлерде пайдалануына (орнатуына, орналастыруына) болады. Мемлекеттік туды киім ретінде пайдалануға, оны төсектік орын, перде, дастарқан, кілемше және өзге де жабын ретінде қолдануға тыйым салынған. Мемлекеттік тудың бейнесін спорттық киімдерде, спортшылардың киім-кешегінде пайдалануға рұқсат етілген. Сондай-ақ көк байрағымызды қасақана бүлдіруге, жоюға, өртеуге, жыртуға, жерге тастауға, сондай-ақ оның мемлекеттік рәміз ретіндегі қадір-қасиеті мен маңызын төмендететін өзге де әрекет жасауға жол берілмейді. Өзгерістер мен толықтырулар рәміздерді пайдалану мәдениетін жаңа сапалық деңгейге көтеруге негіз болады деп есептейміз, — деді Геральдикалық зерттеулер орталығы директорының міндетін атқарушы Әділхайыр Мырзаханов.

«Дала қырандары» жастар қоғамдық бірлестігінің құрылтайшысы, мемлекеттік рәміздер жөніндегі республикалық комиссияның мүшесі Нұрбол Сейтқалиев аталған қоғамдық бірлестік мемлекеттік рәміздердің заңнамаға сәйкес қолданылуын қамтамасыз етуге байланысты нәтижелі жұмыс жүргізіп келе жатқанын жеткізді. Жиын барысында тәртіп мәселесі де назардан тыс қалмады. Ішкі істер министрлігі Әкімшілік полиция комитетінің ерекше тапсырмалар жөніндегі аға инспекторы Қайрат Абулғазизовтың мәлімдеуінше, биыл елімізде мемлекеттік рәміздерге қатысты 40 әкімшілік құқықбұзушылық тіркелген.

Іс-шара аясында орталық директорының міндетін атқарушы Ә.Мырзаханов пен «Дала қырандары» жастар қоғамдық бірлестігінің құрылтайшысы Н.Сейтқалиев өзара ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды. Меморандумның мақсаты — мемлекеттік рәміздерді насихаттау, олардың тарихи және идеологиялық маңызын түсіндіру, сондай-ақ мемлекеттік рәміздерді пайдалану тәртібі мен оларды заңнама талаптарына сәйкес қолдану мәселелері бойынша халықтың құқықтық сауатын арттыру. Кездесу барысында жаңартылған қағидалардың негізгі талаптары түсіндіріліп, оларды іс жүзінде қолдану тетіктері кеңінен талқыланды.

Сондай-ақ жиында Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерінің 35 жылдығын атап өту тұжырымдамасы қаралды. Осы мерейтойға арналған іс-шаралар жоспарын 2027 жылы Үкімет деңгейінде бекіту жоспарланып отыр.



АIQYN

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор –
Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор –
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС –
Бас редактордың
бірінші орынбасары

Мадияр ТӨЛЕУ –
Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА –
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абзал АЛТЫНСАЙҰЛЫ –
Ақмола облысы
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ –
Алматы қаласы
Саятхан САТЫЛҒАН –
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ –
Қарағанды облысы
Назғұл НАЗАРБЕК –
Нәзгіл ҚАЛЫС –
Шымкент қаласы
Ербәкіт ЖАЛҒАСБAY –
Қызылорда облысы
Баияр ЖАНҰЗАҚ –
Атырау облысы
Эльмира ЖҰРСИМБЕКҚЫЗЫ –
Абай облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:

Кәсіпорындар,
мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(707) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklatama.aikyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(771) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»
компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Талсырыс №4763

Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 Б
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,